ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
«ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА» РММ

# ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ АРНАУЛЫ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫНА АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СТАТИСТИКАЛЫҚ ШОЛУ

Алматы
2022

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана»
РММ

*Кітапхана ісін дамыту,*
*библиография және тифлология бөлімі*

**Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған**
**республикалық, облыстық, қалалық**
**арнаулы кітапханалардың**
**2021 жылғы жұмысына**
**аналитикалық және статистикалық шолу**

Алматы, 2022

## Кіріспе

Кітапхана саласы өзінің қалыптасу кезеңінен бастап адам баласының барлық дерлік мәдени құндылықтарын сақтаушы, ілім мен ғылымды жинақтайтын ағарту ордасы және бұқара халықтың деңгейін көтеретін, білімін жетілдіретін, ақпараттық ресурстар қорын жинақтаушы орталық болып табылады. Кітапхананың қоғамда алар орны ерекше. Қазіргі ақпараттық жаңа технологиялардың үздіксіз дамыған заманында бұл көштен кітапхана саласы да артта қалмақ емес. Кітапханалар дәстүрлі қормен қатар, электрондық басылымдармен көптеп толықтырылуда және кітапханалық-ақпараттық қызметтерін автоматтандыру арқылы пайдаланушыларға жаңа үлгіде кітапханалық қызмет көрсетуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 4-отырысындағы өз сөзінде: «Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар - білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Электронды форматтың қарқынды дамып жатқанына қарамастан дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайды», - деген болатын. Бұл дегеніміз бүгінгі ұрпақ, ертеңгі ел азаматтарына білім мен тәрбиенің сапалы берілуі керектігі және соның аясында еліміздегі руханият ордасы болып табылатын кітапханалар қызметінің алар орны маңызды екендігін көрсетеді.

Кітапхана – оқырманның ақпараттық сұраныстарын қанағаттандырумен қатар, әлемдік ақпарат көздерін жинақтап, пайдаланушыларға жеткізуші рухани орталық болып табылады. Осындай оқырмандарға жан-жақты қызмет көрсететін кітапханалардың бірі зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалар жүйесі.

Қоғамдық өмірде зағип азаматтар да басқа тұлғалар секілді тең дәрежелі білім алуға, ақпараттармен сусындауға және қоғамдық шараларға белсене қатысуға толықтай құқылы. Осы орайда, біздің елімізде зағип жандарға ақпараттық-кітапханалық қызметті кең көлемде жеткізіп, олардың өмір сүру деңгейін жақсартып, заман талабына сай жаңа технологияларды меңгерулеріне атсалысатын арнаулы кітапханалар жүйесі жұмыс істейді.

Арнаулы кітапхана – мүмкіндігі шектеулі оқырмандардың өздерін толыққанды сезінуге мүмкіндік беретін аймақ. Осы ерекше топтағы оқырмандарға әлеуметтік көмек көрсетіліп қана қоймай, оларды әлеуметтік оңалтуға, сұраныстағы ақпараттарды ұсынуға барлық жағдай жасалуда. Бүгінгі таңдағы арнайы кітапхана – бұл заманауи ақпараттық, мәдени білім беру мен бос уақытты тиімді өткізуге арналған тифлоақпараттық және тифлокеңес беретін мамандандырылған орталық.

Арнаулы кітапхана қызметінің мақсаты – зағип және нашар көретін жандарды заманауи өмірге үйрету, тәжірибелік қызметте қажетті ақпаратты іздеу және қолдану, оларды әлеуметтік-мәдени өмірде өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағыттау болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей отырмыз. Бұл – ең алдымен, кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе» деп атап көрсеткен болатын. Қазіргі таңда арнаулы кітапханалар қызметі зағип жандардың мүмкіндігін арттыру мақсатында ҚР-ның «Қазақстан-2050» стратегиясы; «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту», гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру, зағип ақындардың шығармашылығын насихаттау, ҚР аталып өтілетін және еске алынатын күндер тізбегін жасау, кітап көрмелерін ұйымдастыру, ақын-жазушылардың, белгілі қайраткерлердің мерейтойларын атап өту және т.б. түрлі әдістерді пайдалана отырып, кітапханалық-ақпараттық қызметтер көрсетіп келеді.

Осы орайда, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-нің «Кітапхана ісін дамыту, библиография және тифлология» бөлімі әдістемелік жұмыстарды негізге ала отырып, аналитикалық қызмет барысымен

таныстырады. Ол арнаулы кітапханалар қызметі туралы өзгерістерді, жаңа мәліметтердің пайда болуын барынша үздіксіз кадағалаудан тұратын әдістемелік мониторингке негізделеді.

Әдістемелік мониторинг объектілеріне: жалпы республика бойынша мемлекеттік кітапханалардың жылдық есеп жиынтығы, оқырмандар саны мен келім саны, кітапхана қорының құрамы және оны қолдану, техникалық құрал-жабдықтар, электрондық ресурстар, кітапхана қызметкерлерінің құрамы, кітапханалардың қазіргі жағдайы, сондай-ақ, Республика бойынша арнайы кітапханалардың 2021 жылға берілген ақпараттық және статистикалық есептері мен атқарған жұмыстарына талдауы жатады.

Басылымға енген негізгі тараулар: республика бойынша облыстық арнаулы кітапханадағы өзгерістер, кітап қорын толықтыру және оны сақтау, мерзімді басылымдарға жазылу, кітап оқуды дамыту шаралары, оқырмандарға қызмет көрсету және ұйымдастыру, әдістемелік қызметпен қамтамасыз ету, жаңа ақпараттық технологияның енгізілуі, қоғамдық ортамен байланыс, материалдық-техникалық базасы.

Қазақстан Республикасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалардың 2022 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіші бойынша 7 облыстық, 5 қалалық, 3 арнаулы бөлімі мен 1 филиалы және «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» республикалық мемлекеттік мекемесі бар. Оның ішінде арнаулы кітапханалардың 118 кітапханалық пункттері мен 3 филиалы жұмыс істейді.

Қолымыздағы басылым жыл сайын шығарылып отырылатын облыстық, қалалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалардың аналитикалық және статистикалық шолуының кезекті басылымы.

Басылымда берілген мәліметтерге әр кітапхана өзі жауапты болып табылады.

Басылым мәдениет саласының басшыларына, арнаулы кітапхана қызметкерлеріне, студенттерге және осы салаға қатысты барлық мамандарға арналады.

## Арнаулы кітапханалардын негізгі міндеттері

- мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ақпараттарға еркін қол жеткізуі, оқып білім алуы үшін конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге жағдай жасауда түрлі басылымдағы кітап қорларына (нүктелі-бедерлі қаріпте, дыбыстандырылған, жайпақ баспа қаріпте, электронды ресурстар) қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- арнайы кітапхана жүйесінің әлемдік ақпараттық қауымдастыққа және халықаралық интеграция мен жаһандану процесіне енуін қамтамасыз ету;
- кітапхана пайдаланушыларының рухани сұраныстарын қамтамасыз ету;
- кітапхананың имиджін қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- кітап арқылы рухани және зерделі дамуды басты құрал етіп, жеке оқырман қызығушылығы мен қажеттілігін қанағаттандыру, шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру;
- «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе – ҚР-ның арнаулы кітапханасы» бағдарламасын кітапхана ісінде жандандыру: зағип жандарға арналған кітапханалар жұмысын толық автоматтандыру, электронды каталогтарды ұйымдастыру, республика бойынша арнаулы кітапханалар жүйесін құру, халықаралық деңгейде деректер қорынан мағлұмат алмасуға қол жеткізу;
- Қазақстанның барлық арнаулы кітапханаларының қорын толықтыру мақсатында түрлі бағытта арнаулы басылымдар қызметін дамыту, әдістемелік-библиографиялық құралдарды басып шығару;
- зағип және басқа санаттағы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кітапханалық қызмет көрсетудің жаңа түрлерін іздеу мақсатында кітапхана қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру;

- кітап қорын оқырмандар сұранысына, талап-тілектеріне сай арнайы әдебиеттермен толықтыру;

- үй абонементі қызметімен қатар, компьютермен жұмыс істеуге мүмкіндігі бар оқырмандарға интернет желісі арқылы кітапханалық қызмет көрсету жұмысын жалғастыру;

- республикадағы арнаулы кітапханалар мен ЗНКААРК пункттеріне, филиалдарына әдістемелік және кеңестік көмек көрсету;

- кітапханада жүргізілетін әрбір көпшілік шаралардың мағыналы, мазмұнды болуы үшін және мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік қорғауға, оларды қоғамдық шараларға тарту үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге көмегін тигізетін қоғамдық ұйымдар, мекемелер, білім ордаларымен бірлесе жұмыс істеу;

- зағип жандарды қоғамда қалыптастыру және дағдыландыру мақсатында жаңа тифлоақпараттық технологияларды енгізу;

- зағип және нашар көретін пайдаланушыларға әмбебап қор мен заманауи ақпараттық іздестіру жүйесін пайдалана отырып жедел және сапалы қызмет көрсету;

- Қазақ соқырлар қоғамының орталық басқармасы және Қазақ соқырлар қоғамының Алматы бөлімшесінің қоғамдық бірлестігімен тығыз жұмыстар атқару;

- мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс істейтін Мәдениет үйімен, түрлі ұлттық орталықтармен, үкіметтік емес ұйымдармен, «Көмектес» қоғамдық қайырымдылық қорымен, «Жігер» мүмкіндігі шектеулі қоғамдық жастар ұйымымен, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары мен колледждері, Н. Островский атындағы зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаты, Есік қаласындағы облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты, т.б. ұйымдармен бірлесе жұмыс жасау;

- меморандумға қол қойылған ТМД елдері кітапханаларымен халықаралық кітапханалық қарым-қатынасты нығайту және тәжірибе алмасу;

- жарнамалық қызмет түрлерін нығайту;

- арнаулы кітапханалардың мәдени мекемелер арасындағы өзіндік орнын қалыптастырып, беделін арттыру;

- кітапхана қызметкерлерінің шығармашылық тұлға ретінде жұмыс жасауына, кадр құрамын нығайтып, кітапханашылардың кәсіби шеберлігін арттыруды ұйымдастыру, кітапхананың материалдық-техникалық базасын нығайту;

- «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында және т.б. үнемі насихаттауды талап ететін Жолдаулар мен бағдарламаларды оқырмандарға өз деңгейінде жеткізу.

## Республика бойынша зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалардағы өзгерістер

01.01.2022 жылғы берілген есеп бойынша зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалар жүйесінде 7 облыстық, 5 қалалық, 3 арнаулы бөлім, 1 филиал, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» республикалық мемлекеттік мекемесі («ЗНКААРК» РММ) бар. Сондай-ақ, арнаулы кітапханалардың 118 кітапханалық пункті мен 3 филиалы оқырмандар үшін жұмыс істейді.

Олардың кітап қоры – 992 353 дана, оқырман саны – 32 886, оның ішінде зағип және нашар көретін оқырмандар саны – 20 228. Яғни, республика бойынша зағип азаматтарды кітапханалық қызметпен қамту 38 %-ды көрсетеді.

## Республика зағип азаматтарын кітапханалық қызметпен қамту %

| Арнаулы кітапханалар атауы | Зағип және нашар көретін тұрғындар саны (қала, облыс бойынша) | Зағип оқырмандар саны | Нашар көретін оқырмандар саны | Зағип және нашар көретін азаматтардың кітапханалық қызметпен қамтылуы |
|---|---|---|---|---|
| Ақтөбе облыстық | 950 | 643 | 257 | 94,7 % |
| Нұр-Сұлтан қалалық | 497 | 130 | 190 | 64, 4 % |
| Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі | 786 | 429 | 216 | 82 % |
| Алматы ОК арнаулы бөлімі | 1500 | 373 | 201 | 38,3 % |
| Шығыс Қазақстан облыстық | 1861 | 269 | 435 | 37,8 % |
| Жамбыл облыстық | 812 | 417 | 358 | 95,4 % |
| Батыс Қазақстан облыстық | 1512 | 401 | 405 | 53,3 % |
| Қарағанды облыстық | 3000 | 769 | 991 | 58,7 % |
| Қызылорда облыстық | 1198 | 980 | 218 | 100 % |
| Қостанай ОӘҒК арнаулы бөлімі | 3603 | 164 | 181 | 9,6 % |
| Көкшетау қалалық | 215 | 652 | 398 | 488,4 % |
| Маңғыстау ОӘК филиалы | 645 | 115 | 156 | 42 % |
| Павлодар облыстық | 27857 | 438 | 634 | 3,8 % |
| Петропавл қалалық | 1300 | 325 | 482 | 62 % |
| Семей қалалық | 510 | 200 | 115 | 61,8 % |
| Шымкент қалалық | 2341 | 3617 | 3307 | 295,8 % |
| «ЗНКААРК» РММ | 5220 | 1049 | 713 | 33,8 |
| **Барлығы** | **53807** | **10971** | **9257** | **38 %** |

Республика бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтар аз тұратын жерлерде станционарлық қызметтен тыс арнаулы бөлімдер, филиалдар мен кітапханалық пункттер жұмыс істейді.

Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында 15 кітап беру пункті жұмыс істейді.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының 1 кітап беру пункті бар.

Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімнің ішінде кітап беру пункттері жұмыс істемейді.

Ал, С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасына қарасты зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімде 4 кітап беру пункті бар (Талдықорған медициналық колледжі, Текелі аудандық бастауыш ұйымы, Қарабұлақ аудандық бастауыш ұйымы, «Ерлік» қалалық мүгедектер қоғамы).

Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы әдістемелік қызмет көрсету мақсатында аудандағы 7 кітапханалық пунктке кеңес беріп келеді.

Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасында орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің зағиптарға қызмет көрсету бөлімінде 15 пункт жұмыс жасайды.0

Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы орталықтандырылған кітапханалар жүйесімен келісім шарт бойынша 14 кітап беру пункттерімен жұмыс істейді (қалалық қарттар үйі мен облыстық көру қабілеті бұзылған арнаулы мектеп-интернаты, т.б.). Оның ішінде, 12-сі аудандық және 2-еуі қалалық.

Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының 5 кітап беру пункті және 2 филиалы (Теміртау, Шахтинск қалаларында) өз жұмыстарын жалғастырып келеді.

Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы 1 кітап беру пунктімен қамтылған.

Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы бөлімінде ағымдағы жылда 1 филиал мен 12 кітап беру пункттері бар.

Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында 8 кітап беру пункттері жұмыс істейді.

Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалының 2 кітап беру пункті бар (Бейнеу ауданында және Жаңаөзен қаласында).

Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында 17 кітап беру пункті бар. Оның ішінде, 5-еуі қала ішінде (№ 82 арнайы көру қабілеті нашар балаларға арналған балабақша, қарттар үйі, облыстық арнайы мектеп-интернаты, қалалық мүгедектермен жұмыс жасайтын клубы, «Қазақ соқырлар қоғамы» Қоғамдық бірлестігі мен «Альрами үйі» менталды ауытқулары бар жандарға арналған Қоғамдық бірлестігі) және 12 пункті аудандық орталық кітапханаларда орналасқан.

Петропавл қаласының зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында 9 кітап беру пункті жұмыс атқарып келеді.

«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ құрамында 1 кітапханалық пункт жұмыс істейді.

Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы 18.09.2018 жылға дейін Түркістан облысы көлемінде 14 аудандық зағип оқырмандарға қызмет көрсетіп келген, ал қазіргі таңда кітапхана қалалық статус алғандықтан филиалдар мен пункттерге қызмет көрсетпейді.

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-де 7 кітапханалық пункт пайдаланушылар сұранысын қанағаттандырып келеді.

Қазіргі таңда республика бойынша арнаулы кітапханалар жүйесін дамыту, облыстарда зағип және нашар көретін тұрғындар аз тұратын елді-мекендердің зағип тұрғындарын станционарлық қызметтен тыс кітап беру пункттері мен филиалдар арқылы кітапханалық қызметпен қамту тұрақталған.

**Арнаулы кітапханалардың кітапханалық пункттері мен филиалдар саны**

| Арнаулы кітапхана атауы | Пункт саны | Филиал саны |
|---|---|---|
| Ақтөбе облыстық | 15 | - |
| Нұр-Сұлтан қалалық | 1 | - |
| Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі | - | - |
| Алматы ОК арнаулы бөлімі | 4 | - |
| Шығыс Қазақстан облыстық | 7 | - |
| Жамбыл облыстық | 15 | |
| Батыс Қазақстан облыстық | 14 | - |
| Қарағанды облыстық | 5 | 2 |
| Қызылорда облыстық | 1 | - |
| Қостанай ОӘҒК арнаулы бөлімі | 12 | 1 |
| Көкшетау қалалық | 8 | - |
| Маңғыстау ОӘК филиалы | 2 | - |
| Павлодар облыстық | 17 | - |
| Петропавл қалалық | 9 | - |
| Семей қалалык | 1 | - |
| Шымкент қалалық | - | - |
| «ЗНКААРК» РММ | 7 | - |
| **Барлығы** | **118** | **3** |

**Кітап қорын толықтыру**

Кітапхана жұмысының мазмұнды әрі сапалы болуы – кітап қорының қазіргі заман талабына және оқырмандар сұранысына сай толықтырылуында болып табылады. Зағип және нашар көретін оқырмандардың талап-тілегі мен сұраныстарын қанағаттандыру үшін кітапханаға жинақы да пайдалы, қызықты да қажетті кітап қоры қажет.

2021 жылы арнаулы кітапханалардың кітап қоры – 992 353 дананы құрады, оның ішінде 320 075 данасы, яғни 32,3 %-ы қазақ тілінде.

Жыл бойы республикадағы арнаулы кітапханалардың кітап қорына 16 883 дана жаңа басылымдар түскен, оның ішінде 7 987 данасы қазақ тіліндегі басылымдар. Өткен жылмен салыстырғанда 340 данаға кеміген.

Кітап қорын толықтырудың негізгі көздері: ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің мемлекеттік тапсырыстары, кітап дүкендері, кітап таратушы ұйымдар мен оқырмандардан кітапханаға сыйлық ретінде келіп түседі, сондай-ақ, бюджеттік қаржы мен демеушілер тарапынан да қор толықтырылып отырылады.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* 2021 жылы бюджет қаржысына 919,3 мың теңгеге 230 дана, мемлекеттік тапсырыспен 296,3 мың теңгеге 126 дана, сыйға 93 дана кітап және 221,7 мың теңгеге 27 дана мерзімді басылымдар, барлығы 476 дана кітапхана ресурстары алынған. Жаңа түскен әдебиеттер есепке алынып, суммарлық, инвентарлық кітаптарға тіркелген, кітапханалық өңдеуден өткізіліп кітап қорының тиісті бөлімдеріне орналастырылған. Үй абонементі қызметі арқылы сұраныстар қанағаттандырылып, тапсырыс бойынша кітаптар жеткізілген.

Кітапхана 2019 жылдың қаңтар айынан бастап зағип жандарды электронды кітаптармен қамтамасыз ететін «Логос» бірінші интернационалды онлайн кітапханасымен келісім шартпен бірлесіп жұмыс атқарады. «Логос» онлайн кітапханасы қоры ұсынған түрлі бағыттағы аудио кітаптарды ақысыз алуға қол жеткізілді. Арнаулы кітапхана оқырмандары кітапхана арқылы «Логос» қорындағы кітаптарды жүктеп тыңдай алады. Осы қызмет түрін пайдалану үшін арнайы тифлофлешплеер сатып алынған.

Кітап қорын тозығы жеткен және мазмұны ескірген кітаптардан тазартып, есептен шығару жұмыстары және қарыз оқырмандармен жұмыстар тұрақты жүргізілген. 2021 жылғы барлық кітап қоры 36 934 дананы құрайды. Өткен жылмен салыстырғанда 424-ке кеміген.

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* кітапхана қоры оқырмандардың, оның ішінде зағип жандардың кез-келген сұранысына жауап беруге мүмкіндік беретін толық жинақталған қорға ие болатын маңызды ақпараттық ресурс болып табылады. Толықтырудың негізгі көзі Мәскеу, Алматы, Шымкент дыбыс жазу студиялары болып табылады. Кітапхана қоры газет және журналдармен толықтырылып, картотека жүргізіп отырған. Есепті кезеңде кітапхананың жалпы кітап қоры 19 693 дананы құраған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 445-ке артқанын көрсетеді.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі* жыл бойына 269 дана, оның ішінде 172 данасы қазақ тіліндегі кітаптармен қамтамасыз етілген. Оның ішінде жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер 129 дана (қазақ тілінде 124), нүктелі-бедерлі қаріпті әдебиеттер 18 дана (қазақ тілінде 12), электронды тасымалдағыштағы әдебиеттер 122 данаға (қазақ тілінде 36) толыққан.

Жалпы кітап қоры жыл соңында 28 880 дананы құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 269-ға артқан.

*С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасы загип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі* кітап қорын мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нүктелі-бедерлі қаріптегі әдебиеттерден – 6469 дана, оның ішінде 375 қазақ тілінде, дыбыстандырылған әдебиеттер - 3288, оның ішінде қазақ тілінде 530 дана, электронды тасымалдағыштағы әдебиеттер - 1095, оның ішінде қазақ тілінде 315 дана, жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер - 25425, оның ішінде қазақ тілінде 7456 дана, грампластинка 436 дананы құраған. Қорда тифлология, дефектология бойынша әдебиетер кеңінен қолданысқа ие. Қазақстандық жазушылардың таңдаулы шығармалары қазақ және орыс тілдерінде мемлекеттік, облыстық бюджет қоры тарапынан толықтырылып отырылады. Бөлімде 70 %-дан астам альтернативтік форматтағы кітаптар болып табылады. Қордағы барлық мемлекеттік және басқа тілдегі әдебиеттер каталогизациялау және классификациялаудан өтеді.

Кітапхана бөлімінің жалпы кітап қоры жыл соңында 30 240 дананы құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 34 данаға артқан.

*«Шығыс Қазақстан облыстық загиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ* кітап қоры ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес толықтырылады. Ағымдағы жылы «Магазин книги» ЖШС және республикалық кітапханалар, оқырмандар мен жазушылар сыйға тартқан кітаптармен толыққан. Жыл көлемінде кітапханаға 24 кітап сыйға берілген. 2021 жылы қорға 2737 дана (оның ішінде қазақ тілінде – 517 дана) кітап келіп түскен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 111 данаға артқанын көрсетеді. Ал кітап қорынан шығарылған әдебиеттер саны 7067, оның ішінде қазақ тілінде 583 дана. 2022 жылдың 1 қаңтарына дейінгі көрсеткіш бойынша кітап қорының 98,4 %-ы (78623 дана) электронды каталогқа енгізілген.

Жалпы кітап қоры жыл соңында 78 623 дананы құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 4330-ға кеміген.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасында* 2021 жылдың қорытындысы бойынша кітап қорына келіп түскен жаңа әдебиеттердің жалпы саны 1068 дана, оның ішінде қазақ тілінде 860 дана. Барлығы мерзімді басылыммен бірге 13 723 дананы құраған. Есепті жылы кітапхананың жалпы кітап қоры 39 341 дананы құрайды. 2020 жылмен салыстырғанда 1268 данаға артқанын байқаймыз.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* кітап қорын толықтырудың негізгі көздері: ЖШС «All&Company»; ЖШС «QwertyCom»; ЖС «OtbasyBook», ЖС «Арзан алу»; ЖС «Қайрат»; «Жарық сәуле», «Artnur». Сонымен қатар, кітап қоры Республикалық арнаулы кітапханасынан келіп түсетін «Мой путь» - «Менің жолым» сөйлейтін газеті, «РБНСГ – Вести» брайль қарпіндегі басылымы мен Қазақ соқырлар қоғамының Орталық басқармасы шығаратын «Алты нүкте» журналымен толықтырылған.

Жалпы кітап қоры жыл соңында 46 257 дананы құраған. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 1729-ға артқанын көрсетеді.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* кітап қорын толықтыру көздері – облыстық бюджет, мемлекеттік тапсырыспен және сыйға алынған кітаптар болып табылады. Есепті кезеңде кітап қорын жинақтауға бюджеттен барлығы 7046,6 мың теңге, оның ішінде кітаптарға 4993,3 мың теңге және мерзімді басылымдарға жазылуға 2053,3 мың теңге қаражат жұмсалған.

Жол картасы жобасы аясында «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр адамға лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының «Зағип және нашар көретіндерге арналған, оның ішінде мемлекеттік тілде кітапхана қорын ұлғайту» 95-тармағына сәйкес орындау бойынша кітапхана 2021 жылдың қорытындысы бойынша 664 әдебиет аталымын (1106 дана) сатып алған, оның ішінде 175 аталым (307 дана) мемлекеттік тілде. Оның ішінде кітапхана арнайы әдебиеттерді: ақпараттың дәстүрлі емес тасымалдағыштардағы CD, DVD-да 278 аталым (297 дана) және нүктелі-бедерлі қаріпті әдебиеттерді 153 аталым (560 түбіртек) сатып алған.

Кітапхана қоры нүктелі-бедерлі, жайпақ баспа қаріпті және электронды тасығыштардағы кітаптармен мемлекеттік бағдарлама аясында Н. В. Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынан, сыйға берілген кітаптар есебінен, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтынан, ЖК А.Ш.Тарпанбаев, «Шырақ» мүгедектігі бар әйелдер қауымдастығынан, Зағиптар және нашар көретіндер мәдениет үйінен, зағиптарға арналған Свердлов облыстық арнайы кітапханасынан, Новосібір облыстық зағиптар мен нашар көретіндерге арналған арнайы кітапханасынан және т. б. сомасы 3905,8 мың теңгеге, саны - 194 данаға, оның ішінде мемлекеттік тілде - 173 данаға толықтырылған. Сондай-ақ, есепті жылы қазақстандық жаңа түсімдер мазмұны 524 дананы құраған, бұл 40 %-ды көрсетеді.

Жалпы кітап қоры жыл соңында әр түрлі материалдық тасымалдағыштағы 81916 дана, оның ішінде мемлекеттік тілде 14069 дана (17 %), орыс тілінде 67786 дана және басқа да тілдерде 61 дана құжаттарды құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 1596-ға көбейген.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының* құжаттар қоры мазмұны мен құрамына қарай алуан түрлі болып келеді. Қордың негізгі бөлігін арнайы әдебиеттер құрайды. Олар: кітаптар, Брайль қарпімен басылған нүктелі-бедерлі кітаптар, аудиокассеталардағы кітаптар, дискілер, жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер, т.б.

Кітап қорын электронды түрде сақтау жұмысы 2010 жылы қолға алынып, «ААЖ-ҚР АК» бойынша кітап қорын компьютерге енгізіп электронды каталог жүргізіліп келген. Кітап қорын толықтыру мақсатында жыл көлемінде 309 кітап сатып алынса, 44 кітап сыйға беру арқылы толықтырылған, барлығы қазақ тілінде. Нүктелі-бедерлі қаріпті кітаптарды алу 15 данаға кеміген. Бұл кітаптар бағасының жылдан жылға қымбаттауынан туындап отырған мәселе.

Жалпы кітап қоры жыл соңында 29 420 дананы құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 399 данаға артқан.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінің* негізгі міндеттерінің бірі қорларды

түрлі ақпарат тасығыштардағы құжаттармен сапалы толықтыру және мүмкіндігінше арнайы құжаттарды табу және оларды сатып алу болып табылады.

Кітапхана қоры келесідей әдебиет түрлерінен: нүктелі-бедерлі қаріпті, жайпақ баспа қаріпті, дыбыстандырылған кітаптардан және мерзімді басылымдардан (газеттер мен журналдардан) құралған.

2021 жылы кітап қоры 93 75-ті құраса, ол 2020 жылмен салыстырғанда 143-ке кемігендігін көрсетеді.

*Көкшетау қалалық загип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында* жаңа әдебиеттерді қабылдау, өңдеу жұмыстары жүргізілген. Басылымдар арнаулы картотекада есепке алынған. Тозығы жеткен және мазмұны ескірген кітаптарға акт жазылып, есептен шығарылып отырылған. Кітапхана қоры 2021 жылы 679 дана (оның ішінде қазақ тілінде - 342) кітапқа толығып, жалпы кітап қоры жыл соңында 26 524-ті құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 71-ге кеміген.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалының* кітап қоры ағымдағы жылы мемлекеттік тапсырыс есебінен толықтырылған. 2021 жылы 1 077369,2 теңгені құрайтын, жалпы саны 337 дана /327 атау/ баспа басылымы келіп түскен.

Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 12 486 дананы құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 444 данаға артқан.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* кітап қоры мемлекеттік тапсырыс бойынша және жергілікті бюджеттен түскен қаржы бойынша толыққан. Жергілікті бюджеттен 145 дана (мөлшері 100,0), оның ішінде мемлекеттік тілде 31 дана (мөлшері 109,6) түскен. Мемлекеттік тапсырыс бойынша 182 дана (мөлшері 557,5), оның ішінде мемлекеттік тілде 153 дана (мөлшері 469,7) түскен. 2021 жылы кітаптар есептен шығарылмаған.

Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 72 150 дананы құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 705-ке артқан.

*Петропавл қаласының загиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* кітап қоры мемлекеттік тапсырыс бойынша, жергілікті бюджеттен және сыйға тартқан басылымдармен толыққан. Тілдік құрамы бойынша мемлекеттік және басқа тілдегі әдебиеттер пайыздық өлшеммен тұрақты болып табылады.

2021 жылы кітап қорын толықтыруға 811682 мың теңге қаржы бөлінген. Мемлекеттік тапсырыс бойынша 105 дана, сыйға тартуымен 295 дана құжаттар алынған. Бюджеттен 168 құжат келіп түскен. Сонымен қатар, ағымдағы жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша жайпақ баспа қаріптегі әдебиеттердің 168 данасы және оқырмандардың сыйға беруі арқылы нүктелі-бедерлі қаріптегі әдебиеттердің 248 данасы, «Шырақ» мүмкіндігі шектеулі әйелдер Ассоциациясының 2 данамен толықтырылған.

Жалпы кітап қоры жыл соңында 41 665 дананы құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 500 данаға артып отыр.

*«Семей қаласының загип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ* кітап қоры 4 түрлі әдебиеттен құралған. Олар: нүктелі-бедерлі қаріпті әдебиеттер, дыбыстандырылған әдебиеттер, жайпақ баспа қаріпті әдебиеттер және СД дискілер. Есепті жылы кітапхана қорына 502 жаңа әдебиеттер түскен. Жаңа әдебиеттер өңделіп, инвентарлық кітапқа тіркеліп, оқырмандарға пайдалануға берілген. Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 47 094 дананы құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 375-ке артқан.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* 2021 жылдағы әдебиеттерді жинақтау көздері Санкт-Петербургтегі «Чтение», Москвадағы МИПО «Репро» баспасы және арнайы кітапхана жанындағы ақпаратты-баспахана бөлімі мен сөйлейтін кітаптар бөлімі, «ArtNur», «Жаналиева Ж. А» ЖС, «AII&Company» ЖШС, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы» РММ-нің дыбыс жазу студиясы болды. Ал жайпақ

баспа қаріптегі әдебиеттерді қалалық «Фолиант», «Қазақ энциклопедиясы» баспалары қалалық «Дутбаева» ЖС, «Жаналиева Ж. А» ЖС кітап дүкендері мен «Әл-Фараби» Шымкент қалалық ғылыми-әмбебап кітапханасы орталықтандырылған қаржыдан бөлінген, мемлекеттік тапсырыс бойынша республикалық баспалардан тегін таратылған кітаптармен, оқырмандар сыйға тартқан және жоғалтқан кітаптардың орнына әкелінген құжаттармен, одан бөлек жергілікті жазушылардың, ақындардың кітаптары жеке келісім-шарт жасау арқылы сатып алынып, толықтырылған. Жоспар бойынша бюджет есебінен бөлінген қаржының барлығы толығымен жұмсалынған. «All&Company» ЖШС, «ArtNur» кітап дүкендерінен сазды, дыбыстандырылған CD-ROM оқулығы, тіл үйренуге арналған әдістемеліктер мен сөздіктер, көркем әдебиеттер сатып алынған. Республикалық, орталықтандырылған қаржыдан алынған «Әл-Фараби» кітапханасынан бөлінген әдебиеттер саны – 754 дана. Кітапхана жанындағы дыбыс жазу студиясы мен баспаханадан шыққан әдебиеттер мен журналдар, оның ішінде: сөйлейтін кітаптар шығару бөлімінен – 324 дана / 55 атаулы CD-ROM-да; Брайль кітаптарын шығару бөлімінен – 39 дана / 22 атаулы нүктелі-бедерлі әдебиеттер мен журналдар қорға қабылданған. Түгендеу кітабына тіркелген кітап топтамасы жинақталып, кітапхана қорына келіп түскен әр әдебиет түрлеріне, сөйлейтін кітап, CD-ROM, т.б. жеке-жеке тіркеу және жинақ кітабына тіркелінген. Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 141 805 дананы құрады. Бұл дегеніміз 2020 жылмен салыстырғанда 29 05 данаға артқанын көрсетеді.

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы» РММ* кітап қорына «Сөйлейтін» және Брайль қаріпті кітаптарды шығару бөлімінен және Санкт-Петербург қаласындағы жеке меншік мекеменің ЧУ «ИПО «Чтение» ВОС» баспасынан нүктелі-бедерлі қаріптегі басылымдар келіп түсіп отырған. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитетінің «Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерттеу және танымал ету және мұрағат ісін жүзеге асырудың тиімділігін арттыру» бағдарламасы, «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша республикалық баспалардың кітап өнімдері жайпақ баспа қаріптегі әдебиеттерді алудың негізгі көздері болды. Ұйымдар мен оқырмандардан кітапханаға сыйлық ретінде әдебиеттер келіп түсті. «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасы «Барлығына тең мүмкіндіктер» 1-бөлімі, «Ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау» 6-тармағы: «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана қорын, оның ішінде мемлекеттік тілдегі қорды ұлғайту» бойынша кітапхана қоры жайпақ баспа қарпіндегі, электрондық тасымалдағыштардағы және нүктелі-бедерлі графикалық құралдармен толықтырылған. Мемлекеттік тілдегі әдебиеттердің түсу динамикасын зерттеу тұрақты өсуді көрсетеді. Кітап қорын мазмұндық тұрғыдан зерделеу қоғамдық-саяси, көркем әдебиеттердің, өнер және спортқа қатысты құжаттардың белсенді түрде толықтырылып жатқанын айғақтап отыр.

Сыйға тартылған нүктелі-бедерлі қаріпті кітаптар саны – 78, ал электронды тасымалдағыштардағы құжаттар – 30, жайпақ баспа қаріпті кітаптар – 70.

Кітапхана есеп беру уақыты аралығында (жалпы қор) 784 атаумен 1928 дана басылым тіркеген. Оның ішінде, қазақ тілінде 408 атаумен 794 дана (18 атаумен 440 дана жайпақ баспа журналдар, 4 атауда 56 дана нүктелі-бедерлі қаріптегі журналдар).

Келіп түскен әдебиеттер саны сала бойынша: 726 атаумен 1407 құжат, оның ішінде 379 атаумен 585 қазақша құжат, тифлология бойынша 9 атауда 21 құжат.

Нүктелі-бедерлі қаріпте – 147 атаумен 577 брайльша кітаптар, оның ішінде 18 атаумен 135 құжат қазақ тілінде.

Жайпақ баспа қаріпте – 435 атаумен 497 құжат, оның ішінде 336 атаумен 371 құжат қазақша, тифлология бойынша – 6 атауда 12 құжат.

Электронды тасымалдағыштағы құжаттар – 144 атаумен 333 дана, оның ішінде казақшасы – 25 атаумен 79 құжат; тифлология бойынша – 3 атауда 9 құжат.

Жалпы кітапхана қоры жыл соңында 249 950 дананы құрады. 2020 жылмен салыстырғанда 781-ге кеміген.

Ескерту: 2021 жылы кітапханалардың кейбір сандық көрсеткіштері пандемия кезеңіндегі кітапханалық қызметті қашықтықтан көрсетуге байланысты төмендеген.

**2021 жылғы арнаулы кітапханалардың кітап қоры**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ақтөбе облыстық | Нұр-Сұлтан қалалық | Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі | Алматы ОК арнаулы бөлімі | Шығыс Қазақстан облыстық |
| 36934 | 19693 | 28880 | 30240 | 78623 |
| Жамбыл облыстық | Батыс Қазақстан облыстық | Қарағанды облыстық | Қызылорда облыстық | Қостанай ОӘҒК арнаулы бөлімі |
| 39341 | 46257 | 81916 | 29420 | 9375 |
| Көкшетау қалалық | Маңғыстау ОӘК филиалы | Павлодар облыстық | Петропавл қалалық | Семей қалалық |
| 26524 | 12486 | 72150 | 41665 | 47094 |
| Шымкент қалалық | «ЗНКААРК» РММ | | | |
| 141805 | 249950 | | | |



## 2021 жылғы арнаулы кітапханалардың оқырман саны

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ақтөбе облыстық | Нұр-Сұлтан қалалық | Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі | Алматы ОК арнаулы бөлімі | Шығыс Қазақстан облыстық |
| 1385 | 986 | 671 | 1430 | 1970 |
| Жамбыл облыстық | Батыс Қазақстан облыстық | Қарағанды облыстық | Қызылорда облыстық | Қостанай ОӘҒК арнаулы бөлімі |
| 2200 | 2300 | 4545 | 1956 | 479 |
| Көкшетау қалалық | Маңғыстау ОӘК филиалы | Павлодар облыстық | Петропавл қалалық | Семей қалалық |
| 1135 | 519 | 1738 | 1138 | 942 |
| Шымкент қалалық | «ЗНКААРК» РММ | | | |
| 7036 | 2456 | | | |



## 2021 жылғы арнаулы кітапханалардың кітап берілімі

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ақтөбе облыстық | Нұр-Сұлтан қалалық | Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі | Алматы ОК арнаулы бөлімі | Шығыс Қазақстан облыстық |
| 33680 | 17019 | 16912 | 27576 | 77826 |
| Жамбыл облыстық | Батыс Қазақстан облыстық | Қарағанды облыстық | Қызылорда облыстық | Қостанай ОӘҒК арнаулы бөлімі |
| 35652 | 33110 | 185800 | 26914 | 16519 |
| Көкшетау қалалық | Маңғыстау ОӘК филиалы | Павлодар облыстық | Петропавл қалалық | Семей қалалық |
| 26925 | 3063 | 11821 | 45403 | 40408 |
| Шымкент қалалық | «ЗНКААРК» РММ | | | |
| 140259 | 95277 | | | |



**ҚР арнаулы кітапханаларының облыстар бойынша кітап қорының өсуі (% есебімен)**

| № | Арнаулы кітапханалар | 2020 ж. | 2021 ж. | Өсімі (+/-) рост |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақтөбе облыстық | 0,9 % | 1,3 % | +0,4 % |
| 2 | Нұр-Сұлтан қалалық | 1 % | 2,3 % | +1,3 % |
| 3 | Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі | 0,5 % | 1 % | +0,5 % |
| 4 | Алматы ОК арнаулы бөлімі | 0,3 % | 0,7 % | +0,4 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облыстық | 3,2 % | 3,5 % | +0,3 % |
| 6 | Жамбыл облыстық | 4,5 % | 3,5 % | -1 % |
| 7 | Батыс Қазақстан облыстық | 2,8 % | 2,4 % | -0,4 % |
| 8 | Қарағанды облыстық | 1,4 % | 1,8 % | +0,4 % |
| 9 | Қызылорда облыстық | 1,2 % | 1,4 % | +0,2 % |
| 10 | Қостанай ОӘҒК арнаулы бөлімі | 4 % | 5 % | +1 % |
| 11 | Көкшетау қалалық | 2,4 % | 2,6 % | +0,2 % |
| 12 | Маңғыстау ОӘК филиалы | 8,8 % | 3,6 % | -5,2 % |
| 13 | Павлодар облыстық | 0,7 % | 0,9 % | +0,2 % |
| 14 | Петропавл қалалық | 1,9 % | 1,8 % | -0,1 % |
| 15 | Семей қалалық | 1,7 % | 1,1 % | -0,6 % |
| 16 | Шымкент қалалық | 2,3 % | 2 % | -0,3% |
| 17 | «ЗНКААРК» РММ | 0,6 % | 0,8 % | + 0,2 % |
| | **Орта есеппен** | **1,7 %** | **1,7 %** | - |



## Кітап қорының сақталымы

Арнаулы кітапхана жұмысындағы басты бағыттардың бірі кітап қорын сақтау шараларын іске асыру болып табылады. Әсіресе, басты назарға зағип жандарға оқуға арналған нүктелі-бедерлі қаріптегі басылымдарды аламыз.

Республика көлеміндегі арнайы кітапханалардың барлығында санитарлық-профилактикалық шаралар үнемі жүргізілген. Сол сияқты, оқырмандарға алғаш рет кітапханаға жазылғанда кітап қорын пайдалану тәртібі мен оқырман құқығы ережелерін, құжатты жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда қандай жауапкершіліктері бар екені туралы түсіндіріліп, дыбыстандырылған әдебиеттерді пайдалану туралы нұсқаулар берілген. Оқырмандар тіркелген немесе қайта тіркелген кезде құжаттарды дер кезінде қайтаратыны, дыбыстандырылған кітаптарды және аудио-кассеталарды бүлдірген жағдайда құнын төлейтіні жөнінде арыз жазу керектігі жайында ақпараттармен таныстырылған. Қорды пайдалануды бақылау, қарыз оқырмандармен жұмыс түрлерін кеңейту шаралары тұрақты түрде іске асырылған.

Қазіргі таңда республикалық, облыстық, қалалық арнаулы кітапханалар «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе – Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханасы» (ААЖ–АК ҚР) және КАБИС бағдарламалары бойынша жұмыс істеуде. Бұл бағдарламалардың мақсаты: аталған бағдарламаларды кітапхана ісінде жандандырып, зағип жандарға арналған кітапханалар жұмысын толық автоматтандыру, электронды каталогтарды ұйымдастыру, республика бойынша арнаулы кітапханалар жүйесін құру арқылы бірлескен каталогтарды ұйымдастыру, Халықаралық деңгейде деректер қорынан мағлұмат алмасуға қол жеткізу. «ААЖ-АК ҚР», КАБИС бағдарламалары бойынша кітапханаға келіп түскен әдебиеттерді енгізу, әдебиеттерге кітапханалық өңдеу жұмыстарын жүргізу. Сонымен қатар, «Кітап қорын толықтыру», «Мерзімді басылымға жазылу», «Есепке алу кітабы», «Каталог» мәліметтер базасын құру жұмыстары жүргізілуде.

Арнаулы кітапханаларға келіп түскен кітаптар мен мерзімді басылымдар уақытында өңделіп, электронды каталогқа енгізілген.

Республикадағы арнаулы кітапханалардың қор сақталымын қамтамасыз ету шаралары кітапханалардың материалдық-техникалық базасының жағдайына байланысты болып табылады.

## Мерзімді басылымдарға жазылу

Елбасы Н. Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Бұқаралық ақпарат құралдарының күші - әскери қарулы күштердің күшінен кем емес» деп атап өткеніндей, баспасөз халыққа сөз арнаудың, ой-санаға әсер етудің негізгі құралдарының бірі. Қоғамда баспасөздің ықпалы зор. Күнделікті мерзімді басылымдар түрлі тақырыпта ой-пікір қозғайды. Ал олардың тиражы миллиондаған оқырманға жетеді. Оқырман жедел және өзекті ақпараттарды газет пен журнал беттерінен табады. Сондықтан мерзімді баспасөз басылымдарына жазылуды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Арнаулы кітапханалардың мерзімді басылымдарға жазылуы жылдан-жылға жақсарып келеді. Сондықтан, зағип оқырмандардың сұраныстарын орындау мақсатында, арнаулы кітапханалардың мерзімді басылымдарға жазылуы республикадағы облыс, қала көлемінде әртүрлі деңгейде жүргізіледі. Мерзімді басылымдарға жазылу жергілікті бюджет пен демеушілер көмегі арқылы жүзеге асырылады.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* ағымдағы жылы 221,700 теңгеге 27 дана мерзімді басылымдарға жазылған. Оның ішінде, газеттер саны – 16: мемлекеттік тілде – 11, орыс тілінде - 5, журналдар саны – 11 (барлығы қазақ тілінде).

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімінің* қоры жыл сайын зағип жандарға арналған мерзімді басылымдарға жазылып отырады. Атап айтсақ, Ресейлік баспалардан «Литературные чтения», ҚСҚ-ның Орталық басқармасы шығаратын «Алты нүкте», «ЗНКААРК» РММ арнаулы мерзімді басылымдары «РБНСГ-Вести» журналдарына жазылады. Бөлім қызметкерлері арнаулы журналдарға шолу жасап, оқырмандар назарына ұсынып отырады. 2021 жылы 28 дана, оның ішінде 20 данасы қазақ тіліндегі мерзімді басылымға жазылған.

*С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінде* оқырмандарға газет-журналдардың 146 данасы қолжетімді.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ-де* баспасөз басылымдарына жазылу «KAZAXPRESS» ЖШС-мен шарт жасау арқылы жүзеге асып келеді. 2021 жылдың II жартыжылдығында 1 050 000 теңгеге 105 атау газет-журналдарға жазылу жүргізілген. Оның ішінде: республикалық – 36, мемлекеттік тілде – 25 мерзімді басылым құрайды.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасына* 2021 жылы 305 дана мерзімді басылымдар жинақталған.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының* кітап қоры 2021 жылы «ЗНКААРК» РММ арнаулы мерзімді басылымдары («Менің жолым» – «Мой путь») «сөйлейтін» газеті, «РБНСГ-Вести» газеті) мен ҚСҚ-ның Орталық басқармасы шығаратын «Алты нүкте» журналымен толыққан. Жыл ішінде мерзімді басылымдарға жазылуға 892,7 мың теңге қаржы жұмсалған. Соның ішінде 2021 жылдың II жартыжылдығына 305811,4 мың теңге және 385,0 мың теңге арнаулы мерзімді басылымдарға жұмсалған. Мерзімді басылымдардың жалпы саны 40 атауда 239 дананы құрайды.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* 2021 жылдың 2 жартыжылдығына мерзімді басылымға 949,4 мың теңге сомаға 121 аталымға, 2022 жылдың I жартыжылдығына 1103,9 мың теңге сомасына 147 аталымға жазылған. Олар жаратылыстану ғылымдары мен техника, білім беру, қоғамдық-саяси, тифлопедагогтар мен логопедтерге көмек көрсету журналдары, кәсіби журналдар, сондай-ақ бос уақытта оқуға арналған журналдар болып табылады.

«Мерзімді басылымдарға жазылу» тіркеу картотекасында мерзімді басылымдардың жаңа түсімдерінің есебі жүйелі түрде жүргізілген. Есептік кезеңде «Қазпошта» қызметкерлерінен газет, журналдардың жаңа нөмірлерінің уақытылы келіп түсуін бақылау бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, тасымалдаушыларға өткен жылғы мерзімді басылымдардың жетіспеушілігі туралы хаттар жіберілген.

Ағымдағы жылы арнайы кітапханада сақтау мерзімінің аяқталуына байланысты мерзімді баспасөздің барлық саны 189 дана / 177 аталым, оның ішінде мемлекеттік тілде 101 дана, 1383,7 мың теңге сомасында есептен шығарылған.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасын* ағымдағы жылы 188 000 теңге көлемінде 46 мерзімді басылымдарға жазылған, оның ішінде 26 газет (22 қазақ тілінде), 20 журнал (16 қазақ тілінде).

*Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында* мерзімді басылымдар уақытылы жазылған. 2021 жылы қорға 17 атаулы газет, 18 журнал- алынған, оның ішінде 13-і қазақ тілінде.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалы* 2021 жылы ҚСҚ Орталық басқармасының Брайль қарпіндегі «Алты нүкте» журналымен толыққан. «Алты нүкте» басылымы кітапхана оқырмандары арасында үлкен сұранысқа ие болған. Сондай-ақ, есепті жылы кітапхана қорына нүктелі-бедерлі қаріптегі «Наша жизнь» журналы алынып, аталмыш журнал да ақпаратқа жаны құмар жандар арасында қолданысқа ие болды.

Жалпы ағымдағы жылы 5 газет /қазақ тілінде 3/, 2 журнал /қазақ тілінде 2/ жазылған болса, кітап қорынан 100 дана газет /36 данасы қазақ тілінде/, 7 дана журнал қордан шығарылған.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* есепті жылы мерзімді басылымдарға жазылу жұмыстары жүргізілген. 2021 жылдың II жартыжылдығында барлығы 34 атау, оның ішінде мемлекеттік тілде 22 дананы құраған. Жалпы сомасы 144899 теңге. 25 атау журнал, оның ішінде мемлекеттік тілде 18, 9 атау газет, оның ішінде мемлекеттік тілде 4 дананы құраған.

*Петропавл қаласының загиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* есепті жылы 100 000 теңгеге алынған мерзімді басылымдар саны – 180, оның ішінде республикалық - 40, қазақ тілінде - 5, ресейлік мерзімді басылымдар – 140.

*«Семей қаласының загип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ-де* 2020 жылғы мерзімді басылымдар саны барлығы 502 дана (оның 215-і журнал, 16-сы газет), оның ішінде мемлекеттік тілде 278 дана мерзімді басылымдар келіп түскен. 2021 жылы мерзімді басылымдарға жазылу сомасы 150,0 теңгені құраған.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* мерзімді басылымдарға 1 100 000 теңге жұмсалған. Ресейден, республикалық және жергілікті баспалардан екі тілде (орыс, қазақ тілдерінде) «Қазпошта» бөлімдері арқылы алынды. Ресей басылымдары 149 атаулы / 209 дана газет-журналдар, ал одан басқалары 381 атаулы / 502 дана республикалық, жергілікті басылымдары алынған. Соның ішінде қазақ тіліндегі басылымдар, газет-журнал болып, 381 атаулы / 502 дана құрайды. Жыл бойы негізінен, қазақ тіліндегі әдебиеттер мен мерзімді басылымдарды жинақтауға көңіл аударылған. Сөйлейтін кітаптар шығару бөлімінен дыбыстандырылған кітаптардың көп бөлігі қазақ тілінде болды, себебі Ресейден алынған сөйлейтін кітаптар орыс тілінде келеді. Осы бөлімнен шығатын «Балдәурен» жасөспірімдерге арналған, «Керемет» жалпы оқырмандарға арналған журналдар тоқсанына бір рет, жыл бойына төрт данадан сегіз данасы қабылданған. Ал, нүктелі-бедерлі қаріптегі кітап-журналдарды Брайль кітаптарын шығару бөлімінен шығарды. Мерзімді басылымдар: «Удивительное рядом», «Спектр», «Ғажайып әлем» мәдени ескерткіштер, құпиялы құбылыстар, психология, денсаулық туралы түрлі тақырыптарды қамтиды. «Бәрін білгім келеді» балаларға арналған энциклопедиясы екі тілде, әлемдегі қызықты оқиғалар мен өзекті мәселелерді кішкентай оқырмандарға таныстыру мақсатында жарық көре бастады.

*«Загип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы» РММ* ағымдағы жылы 1379,0 теңгеге мерзімді басылымдарға жазылған. Күнделікті келіп түсетін мерзімді басылымдарды қабылдап, тіркеу және кітапхана бөлімдеріне тапсыру жұмыстарын тұрақты жасап отырған. Келіп түсуіне қарай жайпақ баспа қаріпті журналдар – 440, 29 атау, 188 журнал – 15 атау, нүктелі-бедерлі қаріпті журналдар – 56, атау – 4, газет атаулары – 25, қазақ тілінде 9 атау.

## Арнаулы кітапханалардағы оқырмандарға арналған іс-шаралар және оларды ұйымдастыру

Арнаулы кітапханалар - мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғамдық және саяси жаңалықтардан тыс қалдырмай, бос уақыттарын тиімді пайдалануларына мүмкіндік туғызатын загип және нашар көретін азаматтар үшін қарым-қатынас жасаудың мәдени әрі рухани орталығының бірі болып табылады. Арнаулы кітапханалар қызметі мен кітап қорын мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, олардың отбасыларына, загип және нашар көретін балалар мектеп-интернатының оқушыларына, студенттерге, жалпы, мүмкіндігі шектеулі азаматтар кәсіпорындары мен қоғамдық мекемелерінің барлық жұмысшыларына тегін пайдалануына ұсынады.

Арнаулы кітапханалардағы оқырмандарға арналған көпшілік, қоғамдық іс-шаралар:

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* жыл бойы «Рухани жаңғыру болашаққа бағдар» атты кітап көрмесі оқырмандар назарына ұсынылып, «Латын әліпбиі – халықаралық әліпби» деген тақырыпта пресс-досье жасақталған. Кітапхананың ерекше оқырмандары «Шежірелі менің Ақтөбем» тақырыбымен өңірдегі Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайына тифлосаяхат жасаған. Ақтөбе облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының ұйымдастыруымен, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және «Балалар мен жасөспірімдер кітап оқу жылын қолдау» жылына орай С. Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының мәжіліс залында «Ерекше балаларға арналған ерекше кітаптар» атты тактильді кітаптар көрмесінің ашылу салтанаты ұйымдастырылған. Шараның ашылуына Республикадан, облыстан (Павлодар облысы, Жамбыл облысы, Ақтөбе облысы, аудандары, Ақтөбе қаласының мектептерінен), ауданнан, қаладан қолөнер шеберлері қатысқан. С. Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының мәжіліс залында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Халықаралық зағиптар күніне орай «Саусақ ұшындағы әлем», «Шектеулі мүмкіндік – кедергісіз кітапхана» атты шығармашылық кеш ұйымдастырылған, сонымен қатар, кітапхана оқырманы К. Үмбетияровпен «Книга – мой лучший собеседник» атты оқырман бенефисі өткізілген атты кітапхана түнін ұйымдастырды.

«Арнаулы кітапхана шақырады» жобасы аясында «Тайны и судьбы великих казахов», «Дамы приглашают кавалеров», «Вокзал для двоих» атты тифлокинолар көрсетілген. «Волонтерлар кітапханада» жобасы аясында «Оқыған адам – табысты адам» атты bookdating – іскерлік алаңы өткізілді. Мақсаты мүмкіндігі шектеулі жандардың, зағип оқырмандардың демалысын тиімді пайдалану. Осындай демалыс сыйлағаны үшін оқырмандар өз пікірлерін білдіріп, ұжымға алғыстарын білдірді. «Қазақстанның оқырман ұрпағы - 2021» жалпы ұлттық акциясы және «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында ZOOM платформасы арқылы «Кел, балалар, оқылық!» Ыбырай online-оқулары ұйымдастырылған. Облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы 12 шағын аудандағы демалыс саябағында «Здоровье и физическая культура едины» атты ашық есік күнін өткізген. Шара барысында кітапхана қызметкерлері салауатты өмір салтын сақтаудың маңыздылығын атап өтіп, кітапханаға келіп түскен жаңа әдебиеттермен таныстырған. «Қоғам дерті - жемқорлық» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Зияткерлік меншік саласындағы саясат» атты қазақ соқырлар қоғамының оқу-өндірістік цехындағы жұмысшыларға дауыстап оқу сағаты жүргізілген. Мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер бойынша іс-шаралар тұрақты өткізіліп келеді.

Жалпы өткізілген іс-шаралар саны – 60, оның ішінде онлайн өткізілген шаралар - 20, офлайн өткізілген шаралар – 40.

*Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ОКЖ КММ көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында «ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына 30 кітап» атты кітап көрмесін ұйымдастырған. Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Мен ең...» зияткерлік онлайн байқауы өткізілген.

Орталықтандырылған кітапханалары жүйесіне қарасты «Көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған дыбыс жазу студиясы» жанынан «Кітап қала» радиосы ашылған. Әлемді ерекше сезінетін жандармен қатар көпшілік оқырманға жол тартқан радио әдебиетіміздің алуан түрімен таныстырып, түрлі тұлғалармен сұхбаттар өткізетін танымдық радио ретінде ұсынылды. Халықаралық балалар қорғау күніне орай Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр ауданының әкімдігімен бірлесе «Қаламгерлер аллеясында» тақырыбында кітап көрмесі өткізілген. Сонымен қатар, кітапхана «Кітап және мейірімділік» сөзін басшылыққа ала отырып дәстүрлі «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізіп, түрік елшілігінің демеушілігімен оқырман балаларды мектепке керекті құралдармен қамтамасыз еткен.

Есепті жылы іс-шаралар, оның ішінде мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер бойынша іс-шаралар тұрақты өткізілген.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі* 2021 жылы тифлология бағыты, мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту бағдарламасы аясында көптеген іс-шаралар жүргізді.

«Бір ел - бір кітап» республикалық акциясы аясында таңдалған әдебиеттер арнаулы бөлім оқырмандары арасында кеңінен насихатталған. Жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың туғанына 65 жыл толуына орай «Сұңғыла суреткер», қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннның туғанына 180 жыл толуына арналған «Тұңғыш қазақ педагогы», ақын Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толуына арналған «Біртуар дарын», т.б. кітап көрмелері, Брайль жүйесі бойынша оқу үйірмесінің мүшелері арасында «Сиқырлы алты нүкте» атты білім сайысы, жергілікті журналист, жазушы Құлкенов Мереке Әбдешұлының 70 жылдығына орай өмірі мен шығармашылығы туралы кітапхана оқырмандарына «Елім деп соққан жүрегі» атты тақырыпта ақпараттық сағаты ұсынылған. Зағип жандардың бойындағы шығармашылық дарындылықтарын шыңдау, өнерге баулу мақсатында Зағип жандар клубы Халықаралық зағиптар күніне орай «Екі Жұлдыз» ән сайысын ұйымдастырған. Арнаулы кәсіпорын цехтары мен зағиптар клубында «Жас Алаш» газетіне 100 жыл толуына арналған «Алаштың үні - Жас Алаш!» атты тақырыпта дауыстап оқу сағаттары жүргізілген. Кітапханада мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер бойынша іс-шаралар тұрақты өткізіліп келеді. Жалпы жыл көлемінде барлығы 63 іс-шара өткізілген.

*С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі* ағымдағы жылы бөлім бойынша жүзеге асыратын табысты жобаларды өткізген. Әлеуметтік байланыстарды орнату, брайльша оқуды және жазуды үйрету, грифель қарпімен жазу, сөйлейтін нетбукті үйрету және зағип жандармен сыр шерту бойынша Мұқағали Мақатаевтың 90 жасқа толуына орай «Мәңгіліктің қайнар бұлақ ақыны» атты дөңгелек үстел, Адалдық алаңы аясында «Жемқорлық қоғамның өзекті дерті» тақырыбында тәрбиелік сағатын, «Қазақ зағиптар қоғамы» ҚБ бірлесе «Үкілі домбыра» сазды кешін ұйымдастырған. «Жанарым жүрегімде» жобасы жыл көлемінде жүзеге асырылып келеді.

Мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер бойынша іс-шаралар тұрақты өткізіліп келеді. Кітапханада барлығы 58 көпшілік іс-шара ұйымдастырылған.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ-нің* көпшілік шаралары зағиптар мен көзі нашар көретін оқырмандардың шығармашылық дамуы мен демалуына әсер етеді.

Кітапханада «Рухани жаңғыру», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалары бойынша белсенді жұмыстар жүргізілген. Жыл көлемінде кітапханада жоғары адамгершілік, психологиялық, этикалық қасиеттерді қалыптастыру арқылы отаншылдыққа, азаматылыққа тәрбиелеу шаралары топтамасы өткізілді. Кітапханадағы «Шамшырақ» үйірмесінде «Туған жерім – тұғырым» тарихи танымдық шарасы өткізілген. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында «Берел қорғаны» тифлокомментарийлі бейне журналы шарасы өткізілген, сонымен қатар, «Абай өсиеті – болашаққа бағдаршам» тақырыбында OPEN KITAPHANA акциясы өткізілген. «Дала фольклоры мен музыканың мың жылы» жобасы аясында «Қазақ балалар фольклоры» атты әдеби сандықшада сан алуан қазақ балалар фольклоры баяндалған. Мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер бойынша іс-шаралар тұрақты өткізіліп отырылады. 2021 жылы 700 шара өтіп, 13560 адам қатысқан. Оның ішінде 334 онлайн шара өтіп, 9558 адам қатысқан.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы* заманауи әдіс-тәсілдерді кітапхана жұмысында қолдану арқылы оқырмандардың шығармашылық қабілеттерін дамытып келеді. Оның ішінде жастарды патриоттық

тәрбиеге баулып, Отанын, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын кеңінен насихаттайтын Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларын басшылыққа алып, Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауларын кітапхана оқырмандары арасында тарату мақсатында жұмыстарды жалғастырып келеді. 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні, 1 желтоқсан - Тұңғыш Президенті күні, 1 наурыз - Алғыс айту күні, 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні, 30 тамыз - Конституция күні, 4 қаңтар - Л. Брайльдің туған күні, 21 маусым – Халықаралық медицина қызметкерлері күні, т.б. секілді барлық еліміздегі атаулы күндерді атап өту мақсатында мерекелік, әдеби-сазды кештер тұрақты өткізіліп отырған.

2021 жылы Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай зағип оқырмандар арасында «Тарихы құнды, болашағы нұрлы Қазақстан» атты зияткерлік ойын өткізкен. 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күніне орай мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мамандардың қызметі жайлы кеңінен мағлұмат беру мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жамбыл облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы Төлепбергенов Саят Тұрсынханұлымен «Қазіргі заманғы тиімді мемлекет» атты онлайн кездесу ұйымдастырылған. Тұрақты дәстүрлі «Рухани жаңғыру - жаңа биіктердің бастауы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу ұсынылған. Оқу мәдениетін дамыту және қолдау, әдебиеттерді насихаттау мақсатында «Өзің оқы, өзгені шақыр» атты топтық байқау өткізілген. Жыл көлемінде кітапхана 115-ке жуық іс-шара өткізген.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* оқырмандарды кітапханаға тарту мақсатында және олардың қызығушылықтарын, бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында «Муза» поэзиялық клубы, «Жалынды жастар» жастар клубы, «Сырласу» қыз-келіншектер клубы, «Денсаулық» клубы, «Нұршуақ» отбасылық клубы, «Ақжайық» зияткерлік клубы, «Қадыр әлемі» үйірмесі, «Брайлист» үйірмесі, «Қуыршақтар» үйірмесі жұмыс жасап келеді. Кітапхана оқырмандарының ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кітапхананың zko-specbibl.kz ресми сайтында және Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде тифлодайджестер, виртуалды көрмелер, әдеби салон, әдеби және тарихи кештер, челленджер, акциялар белсенді ұйымдастырылды. Кітапхана қорындағы Брайль қарпіндегі түрлі жанрдағы кітаптарды ерекше форматта видео түріндегі презентация арқылы насихаттауға бағытталған «Брайль кітабы – өмір шырағы» bookslam (букслэм) өткізілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасы аясында қолға алынған «Туған жерім - тұғырым» кітапханалық жобасы бойынша «Туған жерге сағыныш» ностальгия кештері әрі қарай жалғасын табуда.

«Дәстүр мен ғұрып» арнайы жобасы аясында «Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері» әдеби калейдоскоп, «Еңбек – елдің мұраты» арнайы жобасы аясында «Қазақ зағиптар қоғамының» Құрметті мүшесі, Еңбек ардагері А. А. Максаковтың қатысуымен «Еңбек — ырыстың қазығы» кездесу кеші ұйымдастырылған. Ж. Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен жарияланған «Многонациональная культура народов Приуралья» әдеби марафонына арнаулы кітапхана белсене катысып, жыл бойына бірлесе 5 шара өткізген. Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» дауыстап оқулар циклы, «Адалдық алаңы - өркениетке бастар жол» экспресс кітап көрмесі ұйымдастырылған. 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай өткен «I Love Books» кітап эспланадасында «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына - 30 кітап» әдеби алаңы ұйымдастырылған.

Балалар мен жасөспірімдер оқуын қолдау жылы аясында кітапханада «Біз кітаппен біргеміз» кітапханалық бағдарламасы негізінде бірнеше шаралар өткізілген. Соның бірі 6 жастан 15 жасқа дейінгі ерекше топтағы балалардың және олардың ата-аналарының кітап оқу белсенділігін арттыруға арналған «Алма сөресі» кітап эстафетасы. Эстафетаға қатысқан ауданның кітапханалық пункттері арнаулы әдебиеттерден жасақталған кітап

көрмелері мен сөрелерін жасақтап, ертегілер, ұлттық ойындар, танымдық қойылымдар ұйымдастырылған түрлі шаралар өткізіп, балаларды кітапханаға тарта білген.

2021 жылы кітапхана ұйымдастыруымен 118 мәдени көпшілік шара өткізілген. Оның ішінде, 77 онлайн шара, жалпы қаралымы – 19403, ал оқырмандардың қатысуымен 41 шара, қатысқандар саны – 1120 адамды құраған. Жыл ішінде 36 кітап көрмесі ұйымдастырылған, соның ішінде виртуалды көрме саны – 13, Елбасы Жолдауын насихаттауда – 2, атаулы және еске алатын күндерге байланысты - 14, Қазақстан ақын-жазушыларының әдебиеттерін насихаттау – 12, кітап оқуды ілгерілету бағытында - 4, салауатты өмір салтын насихаттауда – 2, діни және экстремизм бағытында – 2.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* ҚР Мәдениет және спорт министрлігі 2021 жылды «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» деп жариялауына байланысты «Бір ел – бір кітап – 2021» республикалық акциясы аясында балалар кітабын насихаттауда Б. Соқпақбаев шығармашылығы туралы «Балалар әдебиетінің бағбаны» атты әдеби гид, қаламгерлер шығармашылығы жайлы «Менің сүйікті жазушым» әдеби аукцион, «Балалық шақ ғаламшары» кітапханалық бульвары, «Қазақ халық ертегілері» ертегі калейдоскопы өткізілген. Қазақстандық ақын-жазушылар шығармашылығын танымал етуде 29 іс-шара (офлайн - 5, онлайн - 24) ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерде 24 жариялым жарияланған. Атаулы және мерейтойлық іс-шаралар басқа арнайы кітапханалардағы секілді тұрақты өткізіліп тұрған. Қала күніне орай Қарағанды қаласының көрікті, маңызды жерлерімен таныстыруда «Қарағанды - сүйікті қалам» балалар онлайн фотобайқауы ұйымдастырылып, байқауға 14 жасқа дейінгі 35 бала қатысып, көпшілік ықыласына бөленген суреттерді ұсынған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұйымдастырылған «Игі істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында қайырымдылық іс-шаралары жүзеге асырылған. Жаһандық антиядролық қозғалыстағы маңызды оқиға – Семей ядролық сынақ полигонының жабылуына 30 жыл толуына орай Кәріпбек Күйіковтің шығармашылығын қамтитын «Қазақтың тағдыры - менің тағдырым» онлайн шолуы ұйымдастырылып, онда Семей полигоны мен шебер суретші жайлы мерзімді баспасөз басылымдарына қысқаша шолу жасалған.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының* мәдени-көпшілік жұмыстары аудандық орталықтандырылған кітапханасында Қазақ соқырлар қоғамының мүшелерімен бірге өткізіледі. Республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» атты рухани-мәдени акциясы бойынша оқырмандар арасында өз орнын тауып келеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы және «Туған жерге тағзым» бағдарламасы аясында «Балбұлақ» балалар клубының мүшелерінің қатысуымен «Тарихы терең - Қызылорда» атты тарихи-таным сағаты ұйымдастырылған. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан» атты шара аясында Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапхана жанынан ашылған «Ақмешіт» клубы Батыс Қазақстан облысының «Ақжайық» клубтары арасында Zoom платформасында бірлесе зияткерлік ойынын өткізген. Қазақ соқырлар қоғамы клубының қызметкерлерімен бірлесіп «Бар ізгілік бір өзіңнен тарайды» тақырыбында қоғамда есепте тұратын мүмкіндігі шектеулі азаматшалар арасында арулар сайысы ұйымдастырылған.

Мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер бойынша іс-шаралар тұрақты өткізіліп отырылады. Жалпы ағымдағы жылы кітапханада 40 іс-шара өткізілген.

*Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* жыл бойы зағип оқырмандармен, басқа топтағы мүгедектермен, балалармен, зейнеткерлермен, кітапханааралық пункттарымен тығыз байланыста болған. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Көкшетау және Орал қалаларының зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханаларының оқырмандары

арасында онлайн режимде «30 years of history» атты зияткерлік ойынын өткізуге қатысқан. Сонымен қатар, зағип жандар арасында үстел ойындарынан (тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат) қалалық турнир өттіп, турнирге 12 адам қатысқан. ҚР Президенті Қ. К.Токаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы аясында, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша, 2021 жыл Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы аясында түрлі іс шаралар атқарылған. «Қала тарихы - ел шежіресі» атты тарихи вираж, «Кітаппен селфи» акциясы аясында оқырмандардың қандай кітап ұнататындықтары жөнінде сұрақ-жауаптар алынған.

Мемлекеттік мерекелер мен кәсіби және өзге де мерекелерді атап өтуге байланысты түрлі кітапханалық іс-шаралар атқарылған. Жалпы есептгі жылы кітапхана 92 көпшілік іс-шаралар өткізіп, оқырмандар ықыласына бөленген.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалы* оқырмандар үшін қызмет жасауды, соның ішінде кітап көрмелері, түрлі тақырыптық іс- шараларды өткізу, ақпараттық және дауыстап оқу сағаттары, «Бір ел - бір кітап» акциясы, Елбасының «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасы бойынша, Президент Қ. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» тақырыбында, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адалдық алаңы» жобасы және де әр түрлі қоғамдық, мәдени, тарихи, рухани тақырыптарда ақпаратты насихаттау жұмыстарын атқарған. Сонымен қатар, жоспардан тыс түрлі тақырыптарда дауыстап оқу сағаттары, мерзімді басылым беттеріне шолу ұйымдастырылып, кітапханамызға алғаш рет ат басын бұрып тұрған зағип және нашар көретін азаматтарға арналып кітапханаға саяхат ұйымдастырылып, жаңадан келіп түскен тифлотехникаларды қолдану ережелері туралы нұсқаулықтар өткізіліп тұрған.

«Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағдарламасы аясында суырыпсалма ақын Қашаған Күржіманұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Мен қашанғы жүйрігің» тақырыбында әдеби-сазды кеш ұйымдастырылған. Халықаралық зағиптар күніне орай зағип жандар арасында «Қамшы сыры» тақырыбында қамшы өру процесі туралы мәлімет және «Маңғыстаудан шыққан Құлбарақ батыр» туралы дауыстап оқу шаралары өткізілген.

Мемлекеттік мерекелер мен кәсіби және өзге де мерекелерді атап өтуге байланысты түрлі кітапханалық іс-шаралар тұрақты атқарылып келеді. Жалпы жыл көлемінде 30-дана аса іс-шара өткізілген.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* кітапханада өлкетану білімдерін насихаттауға және бос уақытты тиімді өткізуге назар аударып келеді. Оқу залында, әлеуметтік желілелерде әдебиет, өнер саласындағы жыл кейіпкерлерінің өмірі мен шығармашылығын көрсететін көрмелер өткізілген. «Қазақстан – Татарстан – Мәдениеттер диалогы» жобасының халықаралық мәдени жобасы аясында Казань қаласындағы зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасымен бірлесе Латиф Хамидидің 115 жылдығына орай «Даланы домбырамен баурап алған» атты мерейтойлық кеш ұйымдастырылған. Сәуір айында жаңа «Ерекше адамның көзқарасы» атты инклюзивті онлайн ауылдық жобасы енгізілген. Жоба аясында ай сайын Павлодар облысының мүмкіндігі шектеулі оқырмандары туған жері мен ауылының қасиетті жерлері туралы әңгімелейді. Өлкетану оқулары өткізіліп тұрған. Олар: музыкатанушы Н. Г. Шафердің мерейтойына арналған «Жинақтаушы және зерттеуші», ағайынды Абдуллиндердің 105 жылдығына орай «Егіз әншілер», «Ю. Гагарин атындағы саяжайға 45 жыл», «Павлодарға 160 жыл», «Бекболат Хазыровтың шекаралары» т.б. Кітапхана оқырмандарына арналған «Кітап сөресі – 2021» шарасы әлеуметтік желіде ұйымдастырылған, онда «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жарияланған кітаптардың аудармалары ұсынылған. «Жыл кітаптары – 2021», «Поэзия алаңы» кітап көрмелері, ақындар өлеңін онлайн оқу, жазушылардың шығармаларын дауыстап оқу сағаттары да ұйымдастырылған.

Барлығы 2021 жылы 100-ден аса іс-шаралар, жобалар ұйымдастырылған: кітап көрмелері, сұхбат, дауыстап оқу сағаттары мен ақпараттық сағаттар. Барлық өткізілген іс-шаралардың өзіндік маңызы бар, себебі бұл жаны шығармашылыққа құмар зағип жандардың қатысумен өткізілген.

*Петропавл қаласының зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* түрлі көпшілік іс-шаралар, оның ішінде, кітап көрмелері, бейне тұсаукесерлер, кітап көрмелері, әуенді тақырыптық бағдарламалар, интеллектуалды сағаттар, квизбук, әдеби викториналар, журналдарға шолулар және т.б. шаралар өткізілген. Мемлекеттік аталып өтілетін мерекелер мен мерейтойлық күндер де назардан тыс қалмады. Бірнешеуіне тоқтала кетсек: «Любовью дорожить умейте» отбасылық демалыс кеші, «Театральный олимп» байқауы, «Первый читатель года» акциясы, «У карты города» әдеби-өлкетану викторинасы, «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында іс-шаралар, т.б.

Ағымдағы жылы барлығы 25 іс-шара ұйымдастырылған, көрілім саны – 5538, оның ішінде, онлайн – 4930, офлайн форматта – 608.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ де* барлық арнаулы кітапханалар секілді мемлекеттік жолдауларды, ел көлемінде аталып өтілетін мерекелерді, кітапханаішілік іс-шараларды тұрақты өткізеді. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 46 іс-шара өткізген, қатысқандар саны – 3109 адам. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 27 іс-шара, оған қатысқандар саны – 2578 адамды қамтыған. Семей қаласы Шығыс Қазақстан өңіріндегі ірі қаланың бірі. Осы мақсатта өлкетану бойынша 4 іс-шара өткізілген, қатысқандар саны – 251 адам. ҚР Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру бағытында 4 іс-шара өткізілген. Мүмкіндігі шектеулі жандарды оңалту және тифлология саласы бойына 8 іс-шара өткізілген. Мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер бойынша іс-шаралар тұрақты өткізіліп отырылады. 2021 жылы кітапханада өткізілген іс-шаралар саны -139, оның ішінде акция, челлендж – 30, лекция – 8, байқау, викторина – 5, бейнеролик – 17, тақырыптық шолу – 9, кітап көрмелері – 14, әдеби-сазды кештер – 7, Брайль оқулары – 4, библиодесант – 1, тұсаукесерлер – 2, бейнесабақтар – 2, библиосеанс – 3, ақпараттық сағат -2, тікелей эфир – 1, пікірталас - 1, және т.б.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* жыл бойы көптеген маңызды іс-шаралар атқарылған. Олардың қатарында атаулы шаралар:Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Жыр алыбы – Жамбыл», ақын Мұқағали Мақатевтың 90 жылдығына орай «Махаббат мұнын жырлаған» («Тағдырластар» клыбмен, «Үміт» мектеп-интернатымен бірлесе), «Өмірден биік туғандар», Адалдық алаңы «Парасат жолы» аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар мен дін мен парасат жолы тақырыбында шаралар, «Шексіз әлем» ерекше талант иелерінің концерттік бағдарламасы ұйымдастырылған. «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» іс-шарасы болып өткен. Онда кітап көрмелері мен онлайн шолулар ұйымдастырылған. «Зағип оқырманға сөйлейтін кітап сыйла» жобасы жүзеге асырылған. Жоба барысында «Жаңалыққа жақын бол» атты шара өткізілген. Жоба мақсаты дәстүрлі кітаптарды аудионұсқаға айналдыру. Сонымен қатар, Ұлыбританияның Глазго университетінің докторанты Зейнуллин Маралбекпен кездесу өткізіліп, ол өзінің ғылыми жобасы аясында зағип және нашар көретіндерге арналған мобильді қосымшасын таныстырған. Арнаулы кітапхана зағип оқырмандар мен кітапханашы мамандардың тығыз байланыста жұмыс жасауы үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануда. Жыл көлемінде барлығы 231 іс-шара ұйымдастырылған, қатысқандар саны – 1370-ті құрайды.

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы» РММ* мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. 2021 жылы кітапхана өмірі түрлі маңызды оқиғаларға толы болды. Қазақстан

Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы мен «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халкына жолдауы, «100 накты кадам» Ұлт жоспары, Қазакстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, жыр алыбы атанған халық ақыны Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығы, сондай-ақ, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-нің құрылғанына 50 жыл толуы, жалпы барлық мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бағытында қоғамдағы айтулы күндер, мерейтойларға арналған іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу арқылы қоғам, өнер, білім, ғылым салаларындағы зағип азаматтардың өмірі мен шығармашылығын насихаттау кітапхананың жұмысының негізгі мақсаты болып табылады.

Ағымдағы жылы кітапханада төмендегідей мәдени-ақпараттық және көпшілік іс-шаралар болып өткен: «Қызықты фактілер» айдары – 71, «Атаулы күндер» айдары – 53, «Авторлық поэзия» зағип оқырмандар шығармасынан бейнежазба – 41, «Ертегі әлемі» айдары – 100, «Ұлт ұстазы – Ыбырай Алтынсарин» - Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай «Әңгімелері мен ертегілерін» дауыстап оқу циклы – 49, «Жырлайды жүрек» - ақиық ақын Мұқағали Макатаевтын 90 жылдығына орай дауыстап оқу циклі – 34, «Шексіз мүмкіндіктер әлемі» мүмкіндігі шектеулі жандар туралы мерзімді басылым беттерінен шолу – 17, көру қабілетін жүре жоғалткан жандарға Брайль қарпін үйрету сабактары – 35, зағип оқырмандар үшін оңалту бойынша бейнесабақтар – 19, нүктелі-бедерлі қаріптегі әдебиеттер мен журналдардың жаңа түсімдеріне онлайн шолулар – 14 рет өткізіліп, оқырмандар назарына тұрақты ұсынылып отырылған.

Сонымен қатар, «Білімді ұлт» жобасы аясында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, жазушы, «Құрмет» орденінің лауреаты Шәрбану Құмарованың туғанына 85 жыл толуына орай эссе жазудан оқырмандар арасында сайыс, Мәдениет және спорт министрлігі – Адалдық алаңы» бағдарламасы аясында «Адалдық алаңы» жобасының жетекшісі Марат Камзолдаевпен кездесу ұйымдастырылған. Маңызды шаралардың бірі «Тәуелсіздікке 30 жыл: «ЗНКААРК» РММ және аймақтағы арнайы кітапханалардың даму жолдары» - ҚР арнайы кітапханалары Жас кітапханашыларының республикалық III Слеті ұйымдастырылып, «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы мен ABC Catalogue Integration арасында ортақ цифрлық база құру мәселесін талқылау» - онлайн конференциясы жүргізілген. Шахматтан шеберлік сағаттары да назардан тыс қалмай жүргізіліп отырылды.

«Жаңа кітаптар» - 2020-2021 жылдары «Өнер және спорт әдебиеттері» бөлімінің кітап қорына келіп түскен жаңа әдебиеттерден құралған көрме және «Өмірге құштарлық» - өнер және спорт саласындағы зағип оқырмандардың жетістіктеріне арналған көрмесі, Тәуелсіздіктің 30 жылындағы кітапхана жетістіктеріне арналған 4 бөлімнен тұратын виртуалды кітап көрмесі жыл бойы тұрақты ұйымдастырылған.

Кітапханада жыл көлемінде барлығы 543 іс-шара болған, оның ішінде, офлайн – 21, қатысқандар: 464 адам; онлайн режимде: 522 (Youtube – 2898, Facebook – 53329, Instagram – 26749, барлығы – 82976), кітап көрмелері – 26.

Қорыта айтар болсақ, арнаулы кітапханаларда түрлі тақырыптардағы көптеген іс-шаралардың ұйымдастырылу бағыты мен деңгейі уақыт өткен сайын күрделеніп келеді.

Барлық арнаулы кітапхана қызметкерлері түрлі мәдени іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ауқымды кітап көрмелерін, әдеби-сазды кештер, кездесу және еске алу кештерін өткізген.

«Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту», гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру, зағип ақындардың шығармашылығын насихаттау, ҚР атаулы күндері мен еске алу күндері, ақын-жазушылардың мерейтойларын атап өту мақсатында және т.б. түрлі әдістерді пайдалана отырып, есепті жылы түрлі қызметтер көрсетілді.

*2020 жылдан бастап әлемде орын алған пандемия салдарынан кітапханалық қызмет көрсету онлайн форматқа ауысқан болатын. Сол себепті кітапханада өткізілетін іс-шаралар офлайн режиммен қатар онлайн режимінде де жүргізілді. Кітапханалар өз кітапхана сайттары мен әлеуметтік желілеріне (инстаграм, фейсбук, ютуб) өткізілген іс-шара ақпараттарын (суретімен, бейнероликгімен қоса) тұрақты жүктеп отырды.*

## Арнаулы кітапханалардың қоғамдық ортамен байланысы

Қазіргі таңда, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалардың тыныс-тіршілігін бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) арқылы көре аламыз. Яғни, арнаулы кітапханаларда өткізілген көпшілік іс-шаралар теледидар, радио, жергілікті газет-журналдар арқылы көпшілік қауымға жеткізіліп отырылады.

Газет-журнал беттеріндегі кітапханашылардың, оқырмандардың мақалалары, журналистердің радио, теледидар және әлеуметтік желілер арқылы берген репортаждары мен бейне көрсетілімдері халық арасында арнаулы кітапханалар жайында дұрыс пікір қалыптасуына үлкен ықпалын тигізеді.

Арнаулы кітапханалар Қазақ зағиптар қоғамы клубтарымен, облыстық, қалалық кітапханалармен, қоғамдық ұйымдармен, мұражайлармен, зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаттарымен, балабақшалармен, қайырымдылық қорларымен, қалалық мүгедектер қоғамымен және тағы басқа ұйымдармен бірлесе жұмыстар атқарады.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* көпшілік іс-шараларды өткізу барысында кітапхана оқырмандарының қажеті мен сұраныстарын жоғары деңгейде қанағаттандыру, кітапхана қызметіне перспективті сұранымды қалыптастырып, дамыту үшін келесідей ұйымдармен тығыз байланыста қызмет етуде: Облыстық «Қазақ зағиптар қоғамы» бірлестігі; Қазақ зағиптар қоғамының «Ақтөбе оқу-өндірістік кәсіпорны»; Облыстық және қалалық мәдени мекемелер; Білім ордалары (мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары); Бұқаралық ақпарат құралдары; Этномәдени бірлестіктер; Салауатты өмір салтын насихаттау орталығы; Өнер, мәдениет, әдебиет, ғылым, спорт салаларындағы танымал тұлғалар, т.б.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мүгедектерге немесе егде жастағы адамдарға арналған сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу ережесіне» сәйкес арнайы оқырмандар тобының ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз ету және олардың сұраныстарын қанағаттардыру мақсатында аудандарда және Ақтөбе қаласында орналасқан облыстық кітапханалармен келісімшарт жасалынып, бірлесе кітапханалық қызмет көрсетілуде. Кітапхананың имиджін қалыптастыру мақсатында облыстық арнаулы кітапхана БАҚ-мен тығыз байланыста жұмыс жүргізген. Республикалық арнаулы кітапхананың «РБНСГ-Вести», облыстық «Үш таған» журналдарында, облыстық «Ақтөбе», «Актюбинский вестник», «Эврика» газеттерінде, «AQTOBE» облыстық телеарнасында, «РИКА» облыстық радиосында кітапханада ұйымдастырылған шаралар туралы мақалалар, ақпараттар, сюжеттер уақытылы жарияланған. Сонымен қатар облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының, арнаулы кітапхананың сайттары және әлеуметтік желілердегі парақшаларда (вконтакте, инстаграм, фейсбук) екі тілдегі ақпараттармен толықтырылып, жүктеліп отырылған.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ* «Үлбі» зейнеткерді әлеуметтік бейімдеу орталығы, «Азина» мүгедек әйелдер қоғамы, «Ақ-Ниет» мектеп-интернаты, «Ана мен бала орталығы» КШК, көз кемістігі бар балалар бала-бақшалары, «№ 19 мектеп қосымша білім беру орталығы» КММ, Ағайынды Абдуллиндер атындағы өнер училищесі, «Ертіс концерт» КМҚМ, Облыстық Достық үйі қоғамдық келісім орталығы, ШҚО дене шынықтыру және спорт

басқармасының «Мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы» КММ және басқа да мекемелермен байланыста болған. Ағайынды Абдуллиндер атындағы өнер училищесі, «Ертіс концерт» КМҚМ, облыстық Достық үйі бірнеше рет кітапхананың ірі имиджділік іс-шараларына қатысқан. ШҚО мәдениет мекемелеріменде тығыз байланыста. Оның ішінде С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университетінің «Шабыт» жастар театрымен жақсы байланыс орнатылып, тетар мүшелері бірнеше шараларға қатысқан. ШҚО мәдениет мекемелерімен тығыз байланыста. Олар: облыстық өнер мұражайы, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, облыстық театр. «Үлбі» әлеуметтік бейімдеу орталығында түрлі тақырыпта бірнеше шаралар өткен: әуенді сағат «Аңызға айналған Атын жүзік», әуенді микс «Маэстро Раймонд Паулспен бірге», Роза Бағлановаға арналған «Мәңгі есімізде» атты естелік сағаты, Ришат және Муслим Абдуллиндердің 105 жылдығына орай «Жұлдызды дуэт» шарасы өткізілген.

2021 жылы республикалық, облыстық және онлайн баспасөз басылымдарында кітапхана ісі жайлы 20 мақала жарық көрген, республикалық және облыстық «ALTAI» телеканалдарында 6 сюжет көрсетілген. Кітапхана мен БАҚ арасындағы өзара серіктестік оқырмандардың кітап оқуға, кітапханаға келуге деген қызығушылықтарын арттыра түседі.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының* мерзімді басылым беттерінде мақалалар жариялап отырған. Теледидар және ақпараттық сайт беттерінде материалдар жарияланған. Кітапхана директорының орынбасары Г.Алтынбекова «Jambyl» радиосына «Адамгершілік парасаттылық» тақырыбында сұқбат берген. «Taraz 24 » телеарнасымен байланыс орнатылған.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының* жыл ішінде өткізген көпшілік-мәдени іс-шаралар көрінісі облыс көлеміндегі «Aqjaiyq» телеарнасының жаңалықтары көрсетілімінен көрініс тапқан. 2021 жылы кітапхана мамандары мен оқырмандары «Күншуақ» бағдарламасына бірнеше рет қатысып, кітапханада атқарылып жатқан жұмыстар туралы ой бөлісіп, сұхбат жүргізген. Кітапхана жанынан ашылған «Жалынды жастар» клубының мүшелері және кітапхана маманы Б. Джумагалиева «AQJAIYQ» облыстық телеарнасының «Шырқайды жастық шақ» тақырыбында өткен бағдарламасына, кітапхана мамандары А. Сағынғалиева, А.Салауатова, Т. Қалиолла «Білім көзі-кітапта» тақырыбындағы хабарына қатысқан. Сондай-ақ, аталған «Күншуақ» бағдарламасының «Өнерде өрге жүзгендер» атты арнайы шығарылымына Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, айтыскер ақын, әнші, кітапхана оқырманы Қатимолла Бердіғалиев және кітапхана директорының міндетін атқарушы М.Айткалиева мен қызмет көрсету бөлімінің басшысы А.Даулеткалиева қатысса, кітапхана маманы, І-ші топтағы көз мүгедегі А. Салауатова «Өмірге құштар жандар» тақырыбындағы хабарға қатысқан.

Әлеуметтік серіктестікті нығайту мақсатында кітапхана облыстық мүгедектер қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, КСҚ-ның Орал оқу-өндірістік кәсіпорны, облыстық, қалалық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру мекемелерімен, «Тең қоғам» әлеуметтік орталығымен, М. Өтемісов атындағы БҚУ, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, АТиСО колледжі, Орал «Сервис» технологиялық колледжі, «Сервис және жаңа технологиялар колледжі», Сәкен Гумаров музейімен, Құрманғазы атындағы Орал саз колледжі, «Үміт» Рухани және зияткерлік қоғамдық бірлестігі, Назарбаев зияткерлік мектебі, облыстық арнаулы мектеп-интернаты, № 2 Орал саз мектебі, № 26 «Тұлпар» балабақшасы, А. Тайманов атындағы №347 мектеп-гимназиясы, № 44 мектеп-гимназиясы, дарынды балаларға арналған № 8 облыстық мектебі және қалалық № 5, № 9, № 23, № 33, № 47 жалпы білім беретін орта мектептермен тығыз байланыста жұмыс жүргізген.

Ағымдағы жылы кітапханада ұйымдастырылған шаралар бойынша мерзімді басылым беттерінде 13 мақала жарық көрген.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* қызметі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау,

әсіресе, онлайн форматтағы жұмыс кезеңінде оқырмандардың ақпаратқа қолжетімділігін, кітапхананың беделі мен танымдылығын арттырған, жаңа оқырмандарды тартуға, кітапхананың көру қабілеті нашар жандардың демалыс және әлеуметтік-мәдени оңалту орталығы ретінде және ақпараттық орталық ретінде одан әрі дамуына ықпал еткен.

Жыл көлемінде, яғни 2021 жылы 24 баспасөз хабарламасы жазылған, Қазақстан телеарналарында 8 сюжет көрсетіліп, кітапхана жұмысы туралы жазбаша және электронды түрде 44 мақала жарияланған.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* қоғаммен байланыс орнату аясында станционарлық қызмет арқылы Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, Қармақшы, Жалағаш аудандарымен тығыз жұмыс істеп келеді. Кітапханаға оқырмандарды тарту мақсатында № 5, № 7, № 8 арнайы мектеп-интернаттарымен, қарттар үйімен, С. Ысқақов атындағы бизнес колледжі, Абылай хан атындағы және Қорқыт ата атындағы университеттерімен, М. Мәметова атындағы педагогикалық колледжімен бірлесе түрлі шаралар ұйымдастырып отырған. «Отбасы құндылықтары және ұлттық тәрбие» атты дөңгелек үстелде «Қызылорда» ЖШС ұжым өкілдері келіп жеңімпаздарға бағалы сыйлықтарды табыстап, демеушілік жасаған. «Ақ таяқ» апталығында «Қызылорда» сауда орталығы өкілдері демеушілік жасаған.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінің* өткізілген атаулы шаралар мен оқиғалар «Костанайские новости», «Наша газета», «Наш Костанай», «Үш қоңыр» газеттерінде жарияланып отырылған.

*Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* қала аумағындағы көптеген ұжымдармен жұмыс жасайды, жыл сайын бірігіп шаралар өткізеді: Ақмола облыстық қазақ зағиптар қоғамы, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің көпсалалы колледжі, қала мұражайлары, Жоғары медициналық колледжі, № 1, 3, 10 орта мектептері, «Өркен» балабақшасы, «Мұрагер» балалар аула клубы, Салауатты өмір салтты насихаттау және Көз орталықтары, Оқу-өндірістік кәсіпорын клубы, қалалық акпараттық кітапхана жүйесінің басқа да кітапханаларымен және «ЗНКААРК» РММ-мен, т.б. ұжымдармен тығыз байланыста болып келеді. Кітапханада «Гармония» эстетикалық-көркем клубы 2003 жылдан бері өз жұмысын тұрақты атқарып келеді. Сонымен қатар, «Байланыссыз кітап жеткізу» қызметі алға қойылған.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалы* Бейнеу кентіндегі және Жаңаөзен қаласындағы көзі көрмейтін жандарға арналған кітапхана секторымен, Ресей Федерациясының Астрахань қаласында орналасқан «Зағиптарды мәдени-әлеуметтік оңалту кітапхана орталығымен», Ақтау қалалық «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» КММ, Маңғыстау облыстық және Ақтау қалалық Қазақ зағиптар қоғамы, зағип жандар жұмыс жасайтын оқу-өндірістік кәсіптік мекемесімен, Мұнайлы аудандық Қазақ зағиптар қоғамымен, Ақтау қаласында орналасқан мектеп-интернатымен, арнаулы балабақшамен, «Саған сенемін» қоғамдық бірлестігімен, Маңғыстау облыстық мүгедектік спорт клубымен және түрлі ұлт өкілдері ұйымдарымен, басқа да қоғамдық орындармен байланыс жұмыстарын жүргізіп келе жатыр. Сонымен қатар, облыстық «Маңғыстау ақпарат» телеарнасымен, облыстағы «Маңғыстау», «Огни Маңғыстау» секілді ақпараттық басылым ұжымдарымен тығыз байланыс орнатқан.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* «Ертіс» КТК-де «Керемет жандар» әлеуметтік жобасын енгізген. Жоба аясында мүмкіндігі шектеулі жандар туралы айтылады. Әр бағдарлама бір тақырыпқа арналған: спортшылар, қолөнершілер, ақындар, әншілер, сондай-ақ, осы санаттағы адамдар мен балалардан ортақ мүдделері бар дарынды отбасылары туралы. Әр айдың соңғы жұмасында бағдарлама тікелей эфирде жүргізіліп отырылған. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қатысуымен 10 бағдарлама өткен. Республикалық «Хабар»

телеарнасы Павлодар арнайы кітапханасының қызметі туралы сюжет көрсеткен. «Ертіс» және «Ирбис» телеарналарында өткізілген шаралардан сюжеттер көрсетілген. Олар: «Айтарым бар» кешкі бағдарламасы, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 кітап» марафоны, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ең үздік жобалар сайысы, т.б. Кітапхана ісі туралы 4 сұхбат берілген: 1 – облыстық радиода, 2 – «Звезда прииртышья» газетіне, 1 – «Егемен Қазақстан» газетіне, «РухKZ» және «Павлодар онлайн» порталында мақала жарыққа шыққан.

«Ертіс» телеарнасының таңғы «ERTIS ТАҢЫ» бағдарламасында белсенді және дарынды оқырмандардың қатысуымен «Керемет жандар» атты 9 телехабар жүргізілген. Ай сайын шығатын «Шамшырақ» радиохабарына кітапхана оқырмандары белсенді қатыса білген. Барлығы 15 радиохабар 100,5 FM толқынында өткізілген.

Кітапхана жұмысы туралы ақпараттар газет-журнал беттерінде: «Кітап пен кітапхана» журналында, «Обозрение недели» газетінде, «Сарыарка самалы» газетінде, «РухKZ» порталында, «Звезда прииртышья» газетінде және «Павлодар онлайн» порталында жарияланған. 2021 жылы 15 мақала жарық көрген. Оның ішінде 8-і қазақ тілінде. Кітапхана веб-сайтының жаңалықтар блогында 93 хабарлама қазақ және орыс тілдерінде бар. Арнаулы кітапхана пайдаланушыларды ақпараттандыру және олардың ресурстары мен қызметтерін жылжыту үшін әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін белсенді қолданады.

*Петропавл қаласының загиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасын* БАҚ-та 2 және 1 телесюжет жасаған. Ағымдағы жылы кітапхана әлеуметтік желілерді белсенді жүргізген.

«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ арнайы кітапхананың жағымды жаңалықтарын БАҚ арқылы хабарлап тұрады. Өткізілген іс-шаралар, үйірмелер жұмысы газет беттеріне және телевизия арқылы жарыққа шығарылады.

2021 жылы 27 ақпанда ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы акциясы аясында Семей қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің келісімімен «Шамшырақ» клубы ұйымдастырған «30 игі іс» акциясы болып, оған барлық мәдениет мекемелері қатысқан. Бұл іс-шара «Қазақстан-Семей», «ТВК – 6» телеарналары мен akimat.semey-де жарияланған. Балалар күніне орай № 38 мектеп Mezgil.kz газетінде, мемлекеттік рәміздер күніне орай «Қазақстан-Семей» телеарнасында сауалнама жарияланған. Сондай-ақ, кітапханада өткізілген 56 іс-шара қала әкімінің сайтына қойылған.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасының* айтулы «Көз мүгедектерін әлеуметтік-мәдени оңалтудағы қарым-қатынас» атты тұрақты жобасы бар. Жергілікті «Оңтүстік» телеарнасымен бірлесіп, бағдарлама жұмыс атқаруда. Бағдарлама кітапхана ғимаратының әр бөлімінде түсіріліп отырылады. Кейіпкерлер кітаппен, кітапханамен сабақтастыра отырып өз әңгімелерін шертеді. Бағдарламаның жүргізушісі әрі жауапты маман «Ерекше жандар», «Отырар», «Шалқар шабыт», «Оңтүстік» телеарналарында көрсетілетін айдарлардың жүргізушісі, кітапхана қызметкері, ақын Ербек Бакиев. Тікелей эфирде барлығы 14 сұхбат жүргізілген, сондай-ақ «Сейсенбідегі сұхбат» айдары бойынша танымал азаматтармен You tube желісінде эфирлер жалғасын табуда.

Кітапханада ұйымдастырылған іс-шаралардың 23-і телеарналардан көрсетіліп, 13 мақала жергілікті БАҚ беттерінде басылған болса, онлайн форматта арнайы кітапханалар арасында 4 рет, офлайн форматта 1 рет республикалық конференция өткізілген.

*«Загип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ* мемлекеттік ұйымдармен қатар, мемлекеттік емес ұйымдармен де тығыз байланыста жұмыстар атқарып келеді. ЗНКААРК қызметі және өткізілген түрлі іс-шаралар «Егемен Қазақстан», «Алматы ақшамы», «Үш қиян», «Үш қоңыр», «Қазақ әдебиеті», «Время», «Литер» секілді мерзімді басылым беттерінде және «Ұлттық кітапхана» журналдарында, «РБНСГ-Вести» газетінде кеңінен жарияланған. Ағымдағы жылы баспасөз беттерінде

кітапхана туралы 22 мақала, сұхбаттар жарық көрген. «Ақ желкен» журналында республикалық кітапхана туралы Д. Жылқыбайдың «Мейірім кітапханасы» тақырыбында мақаласы жарық көрсе, «Кітап және кітапхана» журналында Б. С. Поволоцкаяның «С учетом современных тенденций и потребностей», А. Мусабекованың «Интернациональная онлайн библиотека» мақалалары, Г. Даржанованың «Спорт – ұлт денсаулығының кепілі» мақаласы сайтқа жарияланған, т.б.

«ЗНКААРК» РММ ҚСҚ-ның Орталық басқармасымен, ҚСҚ-ның Алматы бөлімшесінің қоғамдық бірлестігімен тығыз жұмыстар атқарып келеді. Мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс істейтін Мәдениет үйімен, түрлі ұлттық орталықтармен, үкіметтік емес ұйымдармен, «Көмектес» қоғамдық қайырымдылық қорымен, «Жігер» мүмкіндігі шектеулі қоғамдық жастар ұйымымен, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындары мен колледждері, Н. Островский атындағы зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаты, Есік қаласындағы облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты, т.б. ұйымдарымен бірлесе жұмыс істеуде.

Қорыта айтар болсақ, арнаулы кітапханалардағы сапалы қызмет көрсетуде, мамандардың белсенділігін арттыруда қолданушылардың шығармашылығын шыңдауға кітапхана жарнамасы кеңінен пайдаланылады. Кітапханалық қызметтегі жарнама төмендегідей бағытта жүзеге асырылған:

- кітапхана қызметі туралы көпшілікті БАҚ арқылы хабардар ету үшін мақалалар баспасөз беттеріне жарияланып, телеарналардан көрсетілген;
- тақырыптық шаралар, кітап көрмелері, тұсаукесерлер өткізілген;
- кітапхана жұмысы туралы экскурсиялар жүргізілген.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың оқып білім алуы үшін, конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге жағдай жасауда және түрлі басылымдардағы кітап қорына (нүктелі-бедерлі каріптегі, дыбыстандырылған, жайпақ баспа қарпіндегі, электронды ресурстар) қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, арнайы кітапхана жүйесінің әлемдік ақпараттық қауымдастыққа және халықаралық интеграция мен жаһандану процесіне енуін қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі. Алдағы уақытта да арнаулы кітапханалардың жұмыс істеу деңгейі ұлғайып, ауқымды жобалар мен іс-шаралар жалғасын таппақ.

## Қазақстан Республикасы арнаулы кітапханаларын әдістемелік қызметпен қамтамасыз ету

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталған болатын. Қазақстан Республикасы да ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Қоғамды ақпараттандыру – мәдениет пен ғылымның дамуының негізгі шарттарының бірі. Осы мәселені шешудегі басты рөлдердің бірі кітапханаларға жүктеледі. Сондықтан, әдістемелік тұрғыда мықты болу заман талабына айналып отыр. Аталмыш бағытты дамытуда арнаулы кітапханалардың атқарар рөлі ерекше.

Қазіргі таңда арнаулы кітапханалардың мамандарына қойылатын талаптар жоғары. Оқырмандардың сұраныстарын қанағаттандыруда кітапханашылардың білім деңгейлері уақыт талабына сай жоғары болуы тиіс. Бүгінгі таңда кітапханашыларға дәстүрлі жұмыс ырғағымен өзге жаңа кәсіби талаптар қойылуда. Әрине, ол талаптарды орындау үшін білімімен, іскерлігімен және жаңашылдығымен ерекшеленіп тұратын маман қажет. Осы орайда, арнаулы кітапханалардың қызметкерлері үнемі білімдерін жетілдіріп, түрлі конференциялар мен семинарларға қатысуда. Республика көлемінде және шетелге іс-сапарлармен шығып, іс-тәжірибелер алмасып отырады. Сондай-ақ, кітапханада библиографиялық нұсқаулықтар мен әдістемелік құралдар шығарумен тұрақты айналысуда.

Республика арнаулы кітапханаларының әдістемелік қызметтерінің мақсаты – әдістемелік қызметті дамытудың тәсілдерін құрастыру және оны жетілдіру, кітапхана

әлеміндегі жаңалықтарды меңгеру, кітапханашылардың кәсіби біліктілігін көтеру Әдістемелік қызметпен қамту негізінде жыл сайын арнаулы кітапханалар қызметінің есебіне талдау жасалады.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* «Ресей мемлекеттік көпшілік ғылыми-техникалық кітапхана» федералды мемлекеттік бюджеттік мекемесі және В. Вернадский атындағы үкіметтік емес экологиялық қоры жариялаған «Календарь «Цели устойчивого развития: Сохранение всемирного культурного и природного наследия» атты Халықаралық байқауына қатысып «Всемирное культурное и природное наследие. Времена года» номинациясы бойынша айналдыру күнтізбесін құрастырған.

Челябі облыстық зағиптар және нашар көретін арнайы кітапханасы ұйымдастырған «Моделирование коммуникационной среды в специальной библиотеке» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясына кітапхана қызметкері М.Төлегенов қатысып, «Роль библиотеки в жизни незрячих» тақырыбында, Саратов облыстық зағиптарға арналған кітапханасы ұйымдастырған «Гагаринские чтения» атты online-конференциясына кітапхана қызметкері Р. Карагулова қатысып, «Я гляжу тебе вслед из степей Казахстана» атты баяндама жасаған. Республикалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханасының ұйымдастыруымен Жамбыл облысы Мерке ауданында «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 кітап» тақырыбындағы конференцияға кітапхана директоры Г. Хамзина қатысқан.

Есепті жылы халықаралық байқауларға, конференцияларға, шараларға қатысқаны үшін Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы және ұжым мүшелері көптеген марапаттарға, сыйлықтарға ие болған:

- Челябі облыстық зағиптар және нашар көретін арнайы кітапханасы ұйымдастырған «Моделирование коммуникационный среды в специальной библиотека» атты халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференциясына қатысқаны үшін алғыс хатпен;
- Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы ұйымдастырған «Алаш әдебиеті - Тәуелсіз ұлт руханиятының негізі» республикалық кітап байқауына қатысқаны үшін III дәрежелі диплом және Redmi 9A ұялы телефонымен;
- Экологиялық білім беру жөніндегі VII Бүкілресейлік конференциясының Пленарлық отырысы аясында «Календарь «Цели устойчивого развития» халықаралық байқауына қатысып «Всемирное культурное и природное наследие. Времена года» номинациясы бойынша арнайы диплом және құнды кітаптармен;
- Кітапхана директоры Г. Хамзина нүктелі-бедерлі каріпте Тобық Жармағамбетовтың «Отамалы» кітабын насихаттағаны үшін республикалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана басшысы А. Байұзақовтың Сертификатымен;
- Бөлім меңгерушісі Д. Шынтаева ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Н. С. Табылдинованың «Құрмет грамотасымен»;
- Кітапханашы М. Тулегенов Қазақстандық Кітапханалық Одақтың «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен;

Кітапханашы Р. Карагулова ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Ақтөбе облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы А. Юнисованың алғыс хатымен марапатталды.

- Кітапхана қызметкері Қ. Қонысбай 8 наурыз Аналар күні мерекесі қарсаңында «Салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Н. С. Табылдинованың алғыс хатымен, «Рухани қазына – 2021» онлайн фестивалінің «Үздік облыстық маңызды зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана қызметкері» номинациясы бойынша облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы А. Юнисованың

дипломымен, ақшалай сыйақымен және ЖК «Birlik» қоры ұйымдастырған «Үздік маман» онлайн байқауының І дәрежелі дипломымен, Ұлттық санаққа қатысып, белсенділік танытқаны үшін ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы Ж. Беисовтің алғыс хатымен марапатталған.

- Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі қызметкерлері өз қолдарымен зағип балаларға арналған тактильді кітап дайындап, Ақтөбе облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Ерекше балаларға арналған ерекше кітаптар» республикалық байқауына қатынасып, Алғыс хатпен марапатталған.

- Арнаулы бөлім тифлопедагогы Тастанбекова Гүлжанат Атырау облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай «Өмірге құштармыз, өнерлі жандармыз» ерекше жандар арасындағы облыстық онлайн фестиваліне қатысып, Алғыс хат, «Тәуелсіздікке 30 жыл: «ЗНКААРК» РММ және аймақтағы арнайы кітапханалар ісінің даму жолдары» атты Қазақстан Республикасының зағип жандарға арналған арнайы кітапханалар Жас кітапханашыларының ІІІ Слетіне қатысып, баяндама оқып, сертификат иеленген.

2021 жыл - Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылына орай Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының ұйымдастыруымен Луй Брайль жүйесі бойынша, орыс жазушысы А.М.Волковтың туғанына 130 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Тайны волшебной сказки» атты мәнерлеп оқудан халықаралық онлайн конкурсқа арнаулы бөлім тифлопедагогы Г.Тастанбекова қатысып, «Алғыс хатпен» марапатталған.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ* қолайлы жағдай жасай отырып, ұжымның кәсіби біліктіліктерін көтеру өзекті міндеттерін оң шешуде. 2020 жылы кітапхана ҚР кітапханашылары Ассоциациясына мүше болып кірді. Бұл кітапхана жұмысындағы жаңа бір бағыт қана емес, сонымен қатар кітапхана мамандарының ісінің бағалануы. Кітапханашылар Ассоциациясына қатысу кітапханалық-ақпараттық соңғы жаңалықтарды білуге, зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтарға арналған ақпараттық баспа мен болашақ электронды кітаптармен танысуға мүмкіндіктер береді.

Жыл қорытындысы бойынша бірнеше кітапхана қызметкерлері марапатталған. Оның ішінде, «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен бірнеше кітапханашы марапатталса, Кадырова Г. К. «Облыстық арнаулы кітапхананың үздік жетекшісі – 2021» республикалық сайысында бірінші деңгейлі дипломын, «Рухани қазына - 2021» республикалық онлайн фестиваліне қатысқаны үшін ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің алғыс хатын, кітапхана ұжымы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ШҚО мәдениет басқармасының басшысы Н. Ахметжановтың алғыс хатын, т.б. иеленген. Сонымен қатар, «Кітапхананың инновациялық іс-әрекеттері: тәжірибе, әдістеме, тенденция» Халықаралық онлайн конференциясына қатысқаны үшін кітапхананың бірнеше маманы А. С. Пушкин атындағы кітапхана директоры Б. Ж. Шагиеваның атынан сертификат иемденген.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасында* ұзақ жылдар еңбек етіп, кәсіби мамандар дайындап, кітапхана жұмысын жандандырып жүрген Айгүл Оразқұлова мен Гүлнар Сейтбаеваның еңбегі еленіп, бойындағы қабілетін ізденіске, қажыр қайратын, еңбегін ел игілігіне арнаған тұлғаларға арналған. «Қазақстанның алтын кітабына» енген. Аталмыш кітапхананың бағдарламашысы Қуанышбай Күләй Жамбыл облыстық «Рухани жаңғыру» жобалық офисі КММ-нің тапсырысымен өткен «Ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру және әлеуметтік желіде жұмыс жүргізудің алғышарттары» тақырыбында оқыту курсына қатысқаны үшін арнайы сертификат алған. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына орай Облыстық халық шығармашылығы орталығы ұйымдастырған «Жырлайды жүрек» атты

ән-жыр байқауының бас жүлдесін Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының қызметкері Құрақбаева Гүлнұр иеленген. Байқауға ақынның «Поэзия» өлеңі мен «Есіңе мені алғайсың» әнімен қатысып, сахналық койылыммен әрлеген кітапханашының еңбегі әділқазылардың оң бағасын алған.

Кітапхана қызметкерінің бірі Бегимов Ербол Аққайұлы І-топ көз мүгедегі мүмкіндігі шектеулі жан болсада түрлі мәдени іс-шараларға қатысып үлкен жетістіктерге жетуде. Атап айтар болсақ ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Рухани қазына – 2021» атты республикалық фестиваліне қатысып, І-орынды иеленсе, облыстық кітапханалар арасында «Үздік облыстық маңызы бар көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған кітапханасы қызметкері» номинациясын жеңіп алып, 500 000 теңгенің сертификатын иеленген. Сонымен қатар ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдарының, сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық адамдары мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің «Өнерпаз болсаң» фестивалінен арнаулы кітапхана «Қолжетімді орта» номинациясы бойынша марапатталып 1 000 000 тг сертификатына ие болған.

*ШҚО зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* Семей ядролық полигонының жабылуына 30 жыл толуына орай Қазақстан Республикасының зағип және нашар көретін азаматтарына арналған арнайы кітапханалар арасында «Қазақстанның ядролық трагедиясы» республикалық байқауын ұйымдастырған болатын. Бұл байқауға Жамбыл облыстық арнаулы кітапханасынан кітапханашы Шоңмырзаева Карлығаш Тоқтанбекқызы қатысып III орынды иеленген.

Республикалық «Бірлік» жеке қоғамдық қоры білім беру, мәдениет пен спорт саласының қызметкерлері арасында кәсіби шеберлікті шыңдайтын «Үздік маман» онлайн байқауын жариялады.Байқауға Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының директор орынбасары Г. Алтынбекова қатысып, ІІ дәрежелі «Қоғамға қызмет» номинациясын жеңіп алған. Сонымен қатар кітапхана директоры Ж.Алшинбаева Диплом, Алғыс хатпен марапаттады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Оқырмандарға қызмет көрсету» бөлімінің меңгерушісі Айгерім Өмірбайқызы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Жамбыл облысы әкімі Бердібек Сапарбаевтың Алғыс хатын, «Тифлология» бөлімінің меңгерушісі Мотаева Жанар Баратовна Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрі Ақтоты Раймқұлованың Алғыс хатын, Нұрмұхаммед Ибрагимұлы Жамбыл облысы әкімдігінің Мәдениет, архивтер және құжаттама басшысы Ерлан Нұрманұлының Алғыс хатын, Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының ұжымы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Жамбыл облысы әкімдігінің Мәдениет, архивтер және құжаттама басшысы Ерлан Нұрманұлының Алғыс хатын иеленген.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* кәсіби біліктілікті көтеру мақсатында кітапхана қызметкерлері онлайн және офлайн режимдегі республикалық, облыстық семинарларға, шеберлік сағаттарға, кәсіптік дәрістерге қатысып отырған. Кітапхана мамандары республикалық арнаулы кітапхананың, Павлодар, Мәскеу, Самара, Санкт-Петербург арнаулы кітапханаларының ұйымдастыруымен өткен онлайн режимінде ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларға қатысып, білімі мен біліктіліктерін шыңдап, сертификаттар иеленген. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетсек:

Тұңғыш ғарышкер Ю. А. Гагариннің ғарышқа ұшқанына 60 жыл толуына орай Саратов облыстық зағиптарға арналған арнаулы кітапханасы ұйымдастырған «Гагаринские чтения» онлайн халықаралық конференциясына тифлоақпараттық-библиографиялық бөлім басшысы К. Кадырбекова қатысып, «Через книги к звездам» баяндамасын оқып, сертификатқа ие болған. Кітапхана қызметкері Т. Калиолла

Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен өткен жас кітапхана қызметкерлеріне арналған «Заманауи кітапханашы даңа 5D – қайта жүктеу» облыстық тимбилдингке қатысқан. 5 мамыр күні Мәдениет пен білім дамыту «Өрлеу» қоры «Қазақстан Республикасының үздік кітапханасы» атты онлайн байқауын ұйымдастырған болатын, оған кітапхананың толықтыру және өңдеу бөлімінің басшысы У. Убишева қатысып, «Арнайы номинация» бойынша І орынға ие болған.

Мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің IV «Рухани қазына» онлайн облыстық фестиваліне қызмет көрсету бөлімінің басшысы А. Дәулеткалиева қатысып, «Үздік облыстық зағип және нашар көретін азаматарға арналған кітапхана қызметкері» дипломымен, мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай тифлоақпараттық-библиографиялық бөлім басшысы К. Кадырбекова БҚО әкімінің орынбасарының Алғыс хатымен марапатталған.

26 тамыз күні Семей ядролық полигонының жабылғанына 30 жыл толуына орай Шығыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы ұйымдастырған республикалық байқауда Кешірім Бозтаевтың «Семей полигоны – «Қайнар» қасіреті» кітабына буктрейлер жасаған кітапханашы Г. Саменова ІІ орынға ие болған. 17 қыркүйек күні республикалық арнаулы кітапхананың ұйымдастырумен ZOOM платформасында өткен ІІІ Жас кітапханашылар слетінде «Арнайы кітапханалардың дамуындағы жаңа үрдістер» тақырыбында баяндама қорғағаған. 29 қыркүйек күні кітапхана библиографы Г. Қажғалиева Ресей мемлекеттік көпшілік ғылыми-техникалық кітапханасының ұйымдастырумен өткен «Что такое экологическая информация и почему это важно?» тақырыбындағы вебинарға қатысқан, ал ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Ж. Молдағалиев атындағы Батыс Қазақтан облыстық әмбебап-ғылыми кітапхананың 150 жылдығына орай ұйымдастырылған «Многонациональная культура народов Приуралья» облыстық әдеби марафонында кітапхана библиографы Г. Кажғалиева ІІІ орынға ие болған.

«Qazaqstan Education» оқу орындары басшыларының қауымдастығы» ұйымдастырған «Ең үздік маман - 2021» республикалық онлайн байқауында «Кітапхана ісі» және «Кітапхана көз мүгедегі» номинациясы бағыты бойынша тифлоақпараттық-библиографиялық жұмыс бөлімінің басшысы К. Кадырбекова І орынға ие болған.

*«Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ-де* есеп беру жылындағы атқарылған елеулі істерге өзара ынтымақтастық туралы бекітілген Меморандумды ерекше атап өтуге болады. Свердлов облыстық зағиптарға арналған арнайы кітапханасы (РФ) арасындағы екіжақты ынтымақтастық Меморандум шеңберінде «Орал жеріндегі қазақ кітабы» тифлотурнеге қатысып, онлайн-тұсаукесер арқылы Қарағандылық зағип әуесқой авторлар шығармашылығын танымал еткен. Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті арасындағы бекітілген екіжақты ынтымақтастық Меморандумы негізіндегі «Сарыарқа – сүйікті өлкем» жобасы аясында өңірдің маңызды сәулет туындыларының макеттері дайындалған. Сонымен қатар, көлемді іс-шаралар қатарына Ж. Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай ақын шығармашылығы шарықтаған «Библиотүн - 2021» акциясын атап өтуге болады.

Кітапхана ісін жаңғырту, кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыруда кітапхана ұйымдастырған іс-шаралар әлемдік пандемия жағдайына байланысты ZOOM топтық бейнебайланыс арқылы өткізілген:

- Ресей Федерациясы Қазан, Новосібір, Санкт-Петербург, Самара, Саратов қалалары және Қазакстандық арнайы кітапханалары өзекті мәселелерді талқылаған «Қазіргі қоғамдағы арнайы кітапханалардың даму тенденциялары: перспективалар, мүмкіндіктер шындық» халықаралық онлайн-конференция;

- республикамыздағы арнайы кітапханалар тифлотехнологиялар тақырыбын қарастырған «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бағдарламалық компьютерлік инновациялар» республикалық семинар;

- кітапхана басшысы А. Шаймуханбетованың спикерлігімен өткен, еліміздің арнайы кітапхана басшылары арнайы кітапхана қызметіндегі маңызды мәселелерді қамтыған «Кітапханаларды кадрлық қамтамасыз етуді дамыту және жетілдіру» сарапшы-сессия;

- еліміздегі арнайы кітапханаларының қызметкерлері мен пайдаланушылары белсене қатысуымен мүгедектігі бар жандардың әлеуметтік-құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал еткен «Шексіз кітапхана» құқықтық ақпарат апталығы.

Кітапхана ұжымы жыл бойы ZOOM платформасы арқылы 20 халықаралық, 11 республикалық, 7 облыстық семинар, конференцияларға және т.б. біліктілік арттыру шараларына үзіліссіз қатысып, кәсіби шеберлікті шыңдаған. Кітапхана қызметкерлері жалпы 38 іс-шараға қатысып, кәсіби озық тәжірибелермен бөлісе, біліктіліктерін жетілдірді.

ZOOM платформасы арқылы ұйымдастырылған біліктілік арттыру шараларының тізімі:

- кітапхана басшысы А. С. Шаймуханбетованың тұжырымды баяндамасы әлемдік білікті мамандармен талқыланған Ресей Федерациясы Новосібір қаласында өткен «Технопром - 2021» технологиялық дамудың VIII Халықаралық форумы;

- кітапханашыларға қатысу сертификаттары табысталған Ресей Федерациясы Новосібір облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы өткізген «Заманауи кітапхана – кедергісіз әлемнің ресурсты құраушысы» XI ассистивті қызметтердің халықаралық мектебі;

- кітапхана қызметкерлері мен кітапхана пайдаланушыларына Сертификаттар берілген Свердлов облыстық соқырларға арналған арнайы кітапханасының ұйымдастыруымен Екатеринбург қаласында өткен «Тифлокомментирование как новая социальная услуга для людей с проблемами зрения» V Жазғы халықаралық мектебі;

- бөлім басшысы А. Исина мен тифлопедагог-оңалтушы А. Высочинский Сертификат иеленген Ресей мемлекеттік кітапханасы (РФ) ұйымдастырған «Вопросы организации библиотечного обслуживания и предоставления услуг инвалидам и лицам с ОВЗ» онлайн-семинары;

- біліктілік арттыру нәтижесінде тифлоорталық қызметкері В. А. Высочинскийге Куәлік берілген Республикалық түзету педагогика және нейропсихология білім орталығы Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінің тифлопедагогика кафедрасының доценті, п,ғ,к., В. З. Денискинаның қатысуымен ұйымдастырған «Арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында көру қабілеті бұзылған балалармен түзету-дамыту жұмыстары» біліктілік арттыру курсы;

- кітапхана қызметкерлері Е.П.Абишева, В.А.Высочинский, Н.Б.Карашулаков, С.В.Кубанова, Н.А.Тлеубергеноваға Сертификат табысталған, «Элита групп» компаниясы (Мәскеу қ.) және «САТР орталығы» ЖШС (Алматы қ.) ұйымдастырған «Адаптивные технологии для пользователей с нарушениями зрения: основныи понятия, базровые настройки, Программы экранного доступа и увеличения, дисплеи Брайля, подготовка текста к печати по Брайлю» оқыту семинары;

- Н. В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Ақпараттық кеңістіктегі кітапханалардың даму үрдісі» VI облыстық кеңейтілген семинарда кітапхананың басшысы А.С. Шаймуханбетова баяндама жасап, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына - 30 кітап» жобасы аясында кітапханада шығарылған нүктелі-бедерлі қаріпті басылымдар мен тактильді кітаптар көрмесі ұсынылды.

Сонымен қатар, кәсіби шеберліктің әдістемелік кейстері аясында кітапханада ұйымдастырылған «Альтернативті тасымалдаушылардағы құжаттардың библиографиялық сипаттамасы» шеберлік сыныбы, «Movavi Video Editor» бағдарламасында бейнероликтер

мен тұсаукесерлер дайындау бойынша тәжірибелік сабақ, «Көруі бойынша мүгедектермен жұмыстың инновациялық формалары» іскерлік ойындар және т.б. әртүрлі тақырыптағы кәсіби іс-шаралар арқылы мамандар білімдерін тәжірибе жүзінде бекіткен.

Мәдениет, өнер саласының ұйымдары мен қызметкерлері арасындағы «Рухани қазына – 2021» IV республикалық фестиваліне «Үздік облыстық маңызы бар зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана» және «Балаларға арналған үздік кітапханалық онлайн жоба - 2021 жыл» номинациялары бойынша қатысып, кітапхана атына Алғыс хат табысталған.

Есеп беру жылында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай кітапхана қызметкерлері бірқатар марапаттарға ие болды:

- жоғары кәсіби біліктілігі мен аймақ мәдениетін өркендетуге, рухани дамуға зор үлес қосқан мәдениет майталманы ретінде кітапхана басшысы Шаймуханбетова Айнур Сакеновнаға Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы табыс етілген;

- тифлология және әдістемелік-ақпараттық бөлім басшысы Р. О. Буланбекова Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалын иеленген;

Қазақстан Республикасының Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай:

- инженер-бағдарламашы А. В. Голяков «Мультимедианың үздік маманы» номинациясы бойынша Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының сыйлығын алған;

- зағип пайдаланушыларды абонементтік қамтамасыз ету секторының басшысы Қ.Ш.Хасеноваға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасы табысталған;

- Кәсіподақтар күніне орай «Бастауыш ұйым қалай өмір сүресің» республикалық акциясы аясында «Мықты бастауыш ұйым – мықты кәсіподақ» байқауы нәтижесінде жас маман М. Ж. Түсіпбаеваға «Үздік жастар көшбасшысы» номинациясы бойынша дипломмен және экономист Иванова Инна Анатольевна құрмет грамотасымен марапатталған.

*Көкшетау қалалық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* зағип оқырмандарды кеңінен қамту үшін кітапханада сырттай және үй абонементінде қызмет көрсетеді. Кітапханада «Байланыссыз кітап жеткізу» жобасы бойынша жұмыс жүргізілген. Кітапхана қызметкерлері өз оқырмандарына мекен-жайы бойынша барлық санитарлық ережелерді сақтай отырып арнайы әдебиеттерді және флешкартаға жазылған көркем әдебиеттерді оқырманның мекен-жайы бойынша жеткізіп отырған.

2 сәуір күні Зағип және нашар көретін азаматтардың қалалық арнаулы кітапханасы Қарағанды облыстық арнайы кітапхана өткізген «Заманауи қоғамдағы арнайы кітапханалардың даму тенденциялары: перспективалар, мүмкіндіктер, шынайылық» атты Халықаралық онлайн-конференцияға қатысқан. Аталған конференцияға Ресейдің бірнеше қалаларынан - Новосібір, Санкт-Петербург, Саратов, Самара, Татарстан Республикасынан, еліміздің арнайы кітапханаларының қызметкерлері қатысқан болатын. Конференция аясында қызықты баяндамалар тыңдалып, тәжірибе және пікір алмасу болды.

Кітапхана қызметкерлері Свердлов облыстық зағиптарға арналған арнаулы кітапханасы өткізген «Орал жеріндегі қазақ кітабы» атты Халықаралық мәдени-әлеуметтік акциясы тифлотурнеге қатысқан. Халықаралық акцияға Ресей Федерациясының көптеген қалаларының арнайы кітапханаларының әріптестеріміз қатысқан болатын. Халықаралық деңгейде өткізілген шара мүмкіндігі шектеулі адамдарға қызмет көрсетуді жақсарту үшін, тәжірибе алмасуға, ынтымақтастықты дамытуға және әріптестерінің тәжірибесін енгізуге ықпал етуге мүмкіндік берді. Кітапхана қызметкері А. Б. Құсайынова 14-15 қыркүйек күні «Тәуелсіздікке 30 жыл: Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана және аймақтағы арнайы кітапханалардың даму жолдары» атты ҚР арнайы кітапханаларының жас кітапханашылардың III Слетіне онлайн түрде қатысты. Слет Тәуелсіздіктің 30 жылдығы және Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған

республикалық кітапхананың 50 жылдық мерейтойына негізделді. Слет аясында «Арнайы кітапханалардың дамуындағы жана үрдістер» тақырыбында халықаралық онлайн-конференция өтті. Конференцияға қатысқандар: Зағип азаматтарға арналған Ресей мемлекеттік кітапханасының директоры Е. В. Захарова (Москва қаласы); Санкт-Петербург мемлекеттік зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы орталық кітапханасының Даму бөлімінің жетекші әдіскері М. В. Назаров; Новосібір облыстық зағип және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының директоры Ю.Ю.Лесневский; Республикалык зағиптар кітапханасының бөлім меңгерушісі Г.М.Макаров (Саха, Якутия); Қырғыз Республикасы Мәдениет министрлігінің зағиптар мен құлағы естімейтін жандарға арналған республикалық арнайы кітапханасының директоры Д. Д. Исмаилов, сонымен қатар республикамыздың әр облыстарынан жас кітапханашылар қатысты. Слет барысында қызықты, мағыналы баяндамалар ұсынылды: «Организация, хранение и распространение фондов литературы на национальных языках»; «Волонтерский центр РБС «Доброта в библиотечном пространстве» және т.б. баяндамалар. Іс-шара жас мамандар арасында тәжірибе алмасу мақсатында жыл сайын өткізіліп отырады.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін жандарға арналған филиалында* мамандар өз біліктілігін жетілдіру мақсатында, кітапхана саласы, соның ішінде көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтармен жұмыс жайында үнемі ақпарат беттерімен, басылым материалдарымен, интернет беттеріндегі мақалалармен танысып отырады. Сондай-ақ, филиал қызметкерлері өз жұмыстарына қажетті материалдардан папкалар жасақтап отырады. Мәселен, «Кітапханашыларға» деп аталатын папкада кітапхана қызметіне қажетті материалдар, жұмысқа қажетті деп саналатын мақалалар жинакталса, көзі көрмейтін және нашар көретін жандар үшін қоғамда және әлемде болып жатқан маңызды ақпараттар, заңнамалар мен нормативтік-құқықтық актілер, жаңалықтарды жинақтайтын «Зағип жандар үшін пайдалы ақпараттар» тақырыбында папкалар жасақталып, одан әрі толықтырылып отырылған.

Ағымдағы жылы Шығыс Қазақстан облыстық Көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханасының ұйымдастыруымен атақты орыс жазушысы А.М.Волковтың 130 жылдығына арналған «Тайны волшебной сказки» Брайль жүйесі бойынша халықаралық мәнерлеп оқу сайысына оқырмандар белсенді қатысып, ынталандыру сыйлығына ие болып алғыс хатпен марапатталса, Ақтөбе облыстық арнайы кітапханасының «Ерекше балаларға арналған ерекше кітаптар» атты тактильді кітаптар байқауынан «Каспий теңізі» кітабын жасақтап ұсынып, бағалы сыйлыққа ие болған. Атап өтетін үлкен жетістіктердің бірі «ЗНКААРК» РММ-нің 50 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Шабыттың бұлағы» атты оқырмандар арасында республикалық поэзия байқауында 1-орынды иемденген.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* арнайы кітапхана ісіндегі кең ауқымды мәселелерді шешетін семинарлар, вебинар, онлайн конференцияларға, біліктілігін арттыру шараларын, онлайн кеңестерге қатысқан. 18-21 мамыр аралығында кітапхана басшысы Ж. Кенжебекова Республикалық «Рухани қазына – 2021» фестиваліне қатысып, арнайы кітапхана «Үздік облыстық маңызы бар зағип және нашар көретін азаматтарға арналған мемлекеттік кітапхана» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған. Жамбыл облыстық арнайы кітапханасының ұйымдастыруымен өткен «Алаш әдебиеті – тәуелсіз ел руханиятының негізі» республикалық байқауының қорытындысы бойынша Павлодар арнайы кітапханасы ІІ орынды иеленген.

Кітап қорын толықтыру, өңдеу және каталогтарымен ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ә. Нургалиева Республикалық «Рухани қазына - 2021» фестиваліне қатысқаны үшін ҚР Ұлттық академиялық кітапханадан алғыс хатқа ие болған. Ал қызмет көрсету бөлімінің басшысы Л. Артамонова «Бірлік» ЖМҚ ұйымдастырған «Үздік маман»

Республикалық онлайн-сайысына қатысып, «Жыл кітапханашысы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған. «Бірлік» ЖМҚ атынан 1 дәрежедегі дипломмен және алғыс хатпен марапатталған. Кітапхана қызметкерлері «Арнайы кітапханадағы коммуникация ортасын модельдеу» (Челябі) және «Виртуалды іс-шара: жобадан іске асыруға дейін» вебинарларынан (Самара) 12 сертификаттан иемденген. Сонымен қатар, кітапхана мамандары «Мүмкіндігі шектеулі пайдаланушылармен жұмыс істеуге арналған арнайы және көпшілік кітапханалардың 2019-2020 жылдарға арналған жобалық қызметінің өзекті бағыттары» конференциясына қатысқан.

2021 жылы адал еңбегі үшін және ҚР Мәдениет және өнер қызметкерлері күнін мерекелеу құрметіне орай, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай, ҚР Конституциясы күніне орай кітапханашы мамандар құрмет грамоталары мен алғыс хаттарын иемденген.

*Петропавл қаласының зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* ағымдағы жылы «ЗНКААРК» РММ-нің «Арнайы кітапханаларды дамытудағы жаңа тенденциялар» тақырыбында өткізілген онлайн конференциясына қатысқан. Және Челябі қаласында ұйымдастырылған «Моделирование коммуникационной среды в специальной библиотеке» атты Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференциясына қатысып, «Актуальные формы и современные подходы в работе с пользователями с ОВЗ в спецбиблиотеке для незрячих и слабовидящих граждан» тақырыбында баяндама қорғаған. Конференция барысында Ясакова Виктория сертификат иеленді. Сонымен қатар, кітапхана ұжымы Брайль жүйесінде мәнерлеп оқу халықаралық байқауына қатысып жүлделі 3-орынды алған.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ* «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ ұйымдастырған «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына - 30 кітап» шарасы аясында нүктелі-бедерлі қаріптегі және МР3 форматындағы басылып шығарылған кітаптар көрмесін ұйымдастырған. Әр кітапхана өз міндетіне алған кітапты басып шығарып, акция аясында жасалған жұмыстарымен таныстырған. Осы Республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 кітап» рухани-мәдени акциясына орай кітапхана директоры Бахытжамал Раимханова Жамбыл облысы, Мерке ауданында Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған Республикалық кітапхана ұйымдастырған «Ақпараттық қоғам және мүмкіндігі шектеулі азаматтар: халықаралық құқықта, заңнамада және тәжірибеде интернет контентінің қолжетімділігі» тақырыбындағы конференцияға қатысқан. «Адалдық алаңы» жобасы аясында көптеген жұмыстар атқарылған. «Шығыс – Адалдық алаңы» жобасын құрған. Оның мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, тұрмыстық сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, мемлекеттік қызметтерді алу кезінде азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Президентіміздің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы жарлығымен арнайы кітапхананың кітапханашысы, кітапхана саласында 36 жылдық тәжірибесі бар Гафиатуллина Гульнара Султановна мерейтойлық медальмен марапатталған.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* «Заманауи кітапхана – жаңаша қызмет» бағытымен жұмыстар атқарып келеді. Осы орайда «Тәуелсіздікке 30 жыл: «ЗНКААРК» РММ және аймақтағы арнайы кітапханалардың даму жолдары» ҚР арнайы кітапханалары жас кітапханашыларының ІІІ Слетіне, «Арнайы кітапханалардың дамуындағы жаңа үрдістер» тақырыбындағы халықаралық онлайн конференциясына қатысқан. Сондай-ақ, республикалық арнайы кітапхана ұйымдастырған тағы бір шара ZOOM платформасында өткізілген «Как издать правильную книгу РТШ» конференциясына қатысқан.

«Білікті маман – жарқын болашақ» демекші кітапханашы мамандар көптеген марапаттарға ие болған. Соның бірі Мәскеу қаласындағы «Элита Групп» мен Алматы

қаласындағы «САТР» ЖШС бірлесе ұйымдастырған «Адаптивные технологии для пользователей с нарушением зрения» онлайн курсына қатысып, тест тапсырмаларын сәтті тапсырып, сертификаттарға ие болған.

Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен Нұр-Сұлтан қаласында Ж.Жабаевтың 175 жылдығына орай «Өнерпаз болсаң» фестивалінің «Үздік мәдениет қызметері» номинациясының жүлдегері Шымкент қалалық арнайы кітапхана тифло-редакторы Ермаханова Мадина Тұрлыбекқызы ақшалай сыйлықтар мен сертификатқа ие болған.

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен Жамбыл облыстық арнайы кітапханасы ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын негізге ала отырып «Алаш әдебиеті – тәуелсіз ұлт руханиятының негізі» атты республикалық байқау жариялаған болатын. Байқау жұмыстарының қорытындысы бойынша кітаптардың талапқа сай дайындалғанын ескере отырып, Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы I орынды жеңіп алып, бағалы сыйлықтармен марапатталған.

Кітапхана директорының орынбасары Ұлбике Мүтәнқызы, бөлім меңгерушілері Ғалия Арзанбекқызы, Назиля Тұрабайқызы Қазақстандық Кітапханалық Одағының «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен марапатталған. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай кітапхана қызметкерлері Дүйсенбиева Гүлбахира мен Ербек Бакиев «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісін алған. Сонымен қатар, осы мереке аясында кітапхананың бас есепшісі Әдібаева Мейрамкүл және бөлім меңгерушісі Қарғабаева Гүлсара арнайы төсбелгімен марапатталса, кітапхана қызметкері Ербек Бакиева ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленген.

«Спорт пен өнер егіз» дей отыра, Шымкент қаласында өткізілген ҚР мүгедек спортшыларының VI Спартакиадасында шахмат спорты түрінен әріптесіміз Осжигитова Ботагөз III орынды иемденген.

*«Загип және нашар көретін азаматтарга арналган республикалық кітапхана» РММ* ағымдағы жылы «Тәуелсіздікке 30 жыл: «ЗНКААРК» РММ және аймақтағы арнайы кітапханалардың даму жолдары» - ҚР арнайы кітапханалары Жас кітапханашыларының республикалық III Слетін ұйымдастырды. Слеттің екінші күні Назарбаев Университетінің (НУ) эксперт-менеджері Зият Абдыкаимовтың Халықаралық вебинары аясында маңызды әлеуметтік маңызы бар мәселелер қозғалып, талқыланды. Вебинар соңында «Шабыттың бұлағы» - «Источник вдохновения» атты зағип ақындардың кітапхана туралы өлеңдерінің республикалық байқауының жүлдегерлері марапатталып, ізгі тілектер білдірілді.

«Челябі облыстық зағип және нашар көретіндерге арналған» ҚМММ кітапханасының ZOOM платформасында өткізілген «Арнайы кітапханадағы коммуникациялық органы модельдеу» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференциясына және Саха Республикасының (Якутия) ҚММ «Республикалық зағиптар кітапханасы» ZOOM платформасында өткізілген ұлттық республикалардың арнайы кітапханалары арасында «Кітапхана кеңістігіндегі тіл, мәдениет және шығармашылық» тақырыбындағы Бүкілресейлік онлайн-вебинар жұмысына қатысқан.

Осы жылы Қарағанды облыстық арнайы кітапханасының ұйымдастыруымен ZOOM платформасында екі бірдей онлайн шара болып өткен болатын: «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бағдарламалық компьютерлік инновациялар» атты республикалық онлайн-семинар және «Заманауи қоғамдағы арнайы кітапханалардың даму тенденциялары: перспективалар, мүмкіндіктер, шынайылық» тақырыбындағы халықаралық онлайн-конференциясы.

Сонымен қатар, «Кузбасс-Қазақстан: аймақтардың тактильді өлкетануы» жылжымалы көрмесін ұйымдастыруға қатысу үшін макеттерге сипаттамның көшірмесі дайындалып, жіберілген.

2021 жылғы 20-23 қыркүйек аралығында Қазан қаласында өткен «Библиотеки для слепых в культурном пространстве региона: успешные тифлокраеведческие практики» атты Бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференциясында Татарстан Республикасының зағиптарға арналған кітапханасының 85 жылдығына орай «Использование современных социокультурных форм и методик в реабилитации людей с ограниченными возможностями здоровья, на примере РГУ «РБНСГ» тақырыбында бейнебаяндама дайындалып, Медьярова Жансая Алғыс хатпен марапатталған.

«ЗНКААРК» РММ оқырмандарды кітап оқуға тартудағы тиімді кітапханалық жұмыс түрлерін жетілдіру барысында жұмыстар жүргізіп келеді. Кәсіби шеберлік деңгейін көтеру, тәжірибе алмасу, әдістемелік көмек көрсету мақсатында кітапханада ай сайын білім жетілдіру сабақтарын өткізіп отырған.

Қорыта айтар болсақ, арнаулы кітапханалар кітапханалық қызметті сапалы көрсетуді және заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруді қамтамасыз ету мақсатында кітапханашылардың білімі мен біліктілігін арттыруды жолға қойған. Әлеуметтік сауықтыру, ақпарат тарату және өзара қарым-қатынасты нығайту, зағип азаматтарға интеграциялық қызмет көрсетудің тиімді және жан-жақты жолдарын дамыту, жаңа технологияларды қолданысқа енгізу, мүмкіндігі шектеулі жандардың ақпарат желісіндегі мүмкіндіктерін арттыру, кітапхана қорын арнайы әдебиеттермен толықтырудағы жаңа мүмкіндіктер, арнаулы кітапханаларға арналған автоматтандырылған жүйені одан әрі дамыту жұмыстары жалғасын табуда.

## Республиканың арнаулы кітапханаларындағы кітап оқуды дамыту шаралары

Қазақстанның бәсекеге қабілетті, қуатты мемлекет болып қалыптасуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі және оның дамуының өзегі кітапханалар болып табылады. Осыған орай Елбасымыз: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдердің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім» екенін айта келіп, ол үшін «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет», – деп оқытуды жетілдіру мәселесін алға қойған болатын.

Осы орайда, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалар ерекше санаттағы оқырмандарды кітаппен қамту мақсатында тактильді кітаптар, нүктелі-бедерлі және дыбыстандырылған кітаптарды жинақтайды.

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында* ақпаратты-анықтамалық басылым қорлары толықтырылған. Балалар мен жастарда жас ерекшеліктеріне сәйкес салауатты өмір салтының ұғымдарын, дағдыларын және уәждерін қалыптастыру үшін «Салауаттылықты өзімізден бастайық» деген атпен әдебиеттердің ұсыныс тізім жасалған. Мақсаты: оқырмандар сұраныстарына сай кітап тізімдері әр пайдаланушылардың күнделікті қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға, тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналған. 23 қараша Дүниежүзілік ақпарат күні қарсаңында «Кітапханадағы ақпарат ағыны» атты нүктелі-бедерлі қаріптегі библиографиялық көрсеткіш басып шығарылған. Сондай-ақ, «Сұраңыз, жауап береміз» деген библиографиялық (тақырыптық, өлкетану) анықтама шығарылған. Кітапханаға келетін баспасөз беттеріне жарияланған денсаулық төңірегіндегі мақала, зерттеулермен «Көз жанарыңды жасыңнан сақтай біл» денсаулық картотекасы жасалып, «Саяси, тарихи және мәдени маңызы бар оқиғалар» тақырыбында пресс-досье жинақталған. Ауызша-жазбаша анықтамалар уақытында орындалып отырған. Кітапхана шығарған библиографиялық құралдар саны - 22, оның ішінде тақырыптық - 18, нүктелі-бедерлі қаріпте – 4.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі* 2021 жыл

Қазақстандағы балалардың кітап оқуын қолдау жылына орай және «Ерекше балаларға ерекше кітап» жобасы аясында зағип және көру қабілеті нашар балаларға арнап арнаулы бөлім кітапханашылары дайындаған «Жүзім жегісі келген қасқыр» атты қазақ ертегісінің тактильді кітабын шығарған. Кітаптың сыртқы бетінде ертегінің тақырыбы Брайль әліппесі бойынша әдемі моншақтардан қасқыр бейнесі мен жүзім бедерлі қылып терілген. Бұл тактильді кітаптың маңыздылығы зағип және нашар көретін балаларға қоршаған ортаны танып білуге көмектесу, баланың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Арнаулы бөлім қызметкерлері зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасының ерекше оқырмандардың кітап оқуын қолдауға бағытталған «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына - 30 кітаптағы менің үлесім» атты жобасы бойынша «Бір ел - бір кітап» акциясында ұсынылған 30 кітаптың бірі жазушы Рахымжан Отарбаевтың «Айнағұмыр» пьесалар жинағын нүктелі-бедерлі қаріпте басып шығарған.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ-де* нүктелі-бедерлі қаріпте кітаптар басып шығару мүмкіндігі болуы маңызды іс. Кітаптар оқырмандар сұранысы бойынша және атаулы оқиғаларға байланысты таңдап алынады. Сонымен қатар, кітапхана жыл сайынғы дәстүр бойынша «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясына қатысады. Тифлокешенде Жұмекен Нәжімеденовтың «Менің Қазақстаным» және Ұлықбек Есдәулеттің «Киіз кітап» кітаптары нүктелі-бедерлі қаріпте басып шығарылған. Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Бай баласы және жарлы баласы» әңгімесі бойынша жасалған тактильді кітап ерекше қызығушылыққа ие болған. Қазіргі таңда арнаулы кітапхана маңызды әрі пайдаланушылардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамытатын орын болып табылады.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы* ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету кітапхананың библиографиялық жұмысындағы жетекші бағыттардың бірі екенін басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

Жыл ішінде библиографиялық қызмет көрсету бөлімінде 2021 жылда оқырмандардың сұранысы бойынша сауалдар орындалып, оның ішінде 1 мекен-жайлық, 7 анықтамалық, 27 тақырыптық анықтамалар берілген. Жыл бойы алфавиттік және жүйелі каталогтары мен картотекалары редакцияланып, жаңа материалдармен толықтырылған. Арнайы кітапхананың тарихы, зағип жандарға және олардың отбасы мүшелеріне әлем мәдениетін тарату, білім беру, бос уақытын тиімді өткізу орталығы ретінде арнайы кітапхананы мейірім мен жылу шаңырағына айналдыру барысында жасалған жұмыстарды насихаттау мақсатында «Мейірім шуағы кітапхана» тақырыбында нұсқаулық жарық көрген. Сонымен қатар, тифлология бөлімінде ағымдағы жылы Брайль қарпінде 368 дана, оның ішінде мемлекеттік тілде 356 дана әдебиеттер басылып шығарылып, аудандық орталық кітапханаларға таратылып берілген.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* жыл ішінде түрлі тақырыпты қамтитын 7 әдістемелік және ұсыныстық құралдар шығарған. «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы бойынша ақын Жұмекен Нәжімеденовке арналған «Қоңыр жырым бар еді» әдістемелік көмекші құрал; Балалар және жасөспірімдер оқуын қолдау жылына арналған «Алма сөресі» кітап эстафестасы іс-тәжірибесінен әдістемелік құрал; «Көру қабілеті бұзылған балалардың дамуындағы ертегінің алатын орны» әдістемелік құралы, «Тифлология бойынша 2022 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер күнтізбесі»; «Менің Қазақстаным» - «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында оқуға ұсынылған кітаптар туралы библиодайджест; «Өмірге құштар жандар» медиадайджест және «Жаңа кітаптар» ақпараттық бюллетені жарық көрген.

Зағип және нашар көретін азаматтарға ақпарат алуда қолайлы түрде қызмет көрсету мақсатында ақпараттық материалдар топтамасы мен шағын кітапшалар нүктелі-бедерлі қаріпте барлығы 5 дана шығарылған. Олардың ішінде «Бір ел – бір кітап» акциясы бойынша: Мәди Айымбетовтың «Бар болғаны он төрт жас» хикаяты; Мұқағали

Мақатаевтың «Өмірдастан» өлеңдер жинағы; Толымбек Әбдірайымның «Алабұға аулаған күн» кітабы; Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» повесті бар.

Сонымен қатар сұраныс бойынша балаларға арналған: Орыс халық ертегілері - «Колобок», «Снегурочка» шығарылған. Мүмкіндігі шектеулі жандар мәселесімен айналысатын арнаулы мамандар мен тифлопедагогтар үшін «Зағип ақын-жазушылар»; «Тифлопедагогтарға кеңес»; «Өмірге құштар жандар» және т.б. тақырыптық папкалары жинақталған

Зағип оқырмандардың ақпараттық қажеттіліктерін толықтай қанағаттандыруда нүктелі-бедерлі каріпте тоқсан сайын «Луч» ақпараттық газеті және «Балбұлақ» балалар журналдары шығарылып отырылған.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* жыл бойы аталып өтілетін атаулы күндер мен мерейтой иелеріне арналған әдістемелік-библиографиялық басылымдарды дайындау жұмыстары жүзеге асырылып, 8 әдістемелік-библиографиялық құрал шығарылған. Барлық пайдаланушыларға, нүктелі-бедерлі, жайпақ баспа қаріпте шыққан құралдар мемлекеттік тілде - 4, орыс тілінде – 4 дананы құраған.

Баспалық қызмет библиографиялық құрал, библиографиялық жаднамалармен қатар ақпараттық тізім, жадынама, парақшалар сияқты ұсыныстық құралдардың кіші формаларын да енгізген: «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 кітап», «Жыр алыбы Жамбыл», «Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл», «Олжас Сүлейменов 85 жаста» және т. б. ақпараттық парақшалар. Пайдаланушыларды кітапхана қорына түскен жаңа басылымдармен таныстыру мақсатында шығарылған «Жаңа әдебиеттер=Наши новинки» ақпараттық-библиографиялық тізім негізінде онлайн тұсаукесерлер өткізіліп, жайпақ баспа қаріпті, дыбыстандырылған жазба, CD, нүктелі-бедерлі қаріптегі кітаптар туралы ақпараттар берілген.

Есеп беру жылында 8 әдістемелік-библиографиялық басылымды есепке алмағанда, барлығы 64 басылым (қазақ тілінде – 55, орыс тілінде – 9), оның ішінде нүктелі-бедерлі қаріпті кітаптар - 34 (қазақ тілінде - 31, орыс тілінде – 3), басқа басылымдар – 12 (қазақ тілінде – 7, орыс тілінде – 5), аудиоформаттағы кітаптар – 18 (қазақ тілінде – 17, орыс тілінде - 1) жарыққа шыққан. Дайындалған басылымдардың жалпы саны – 77 дана: оның ішінде нүктелі-бедерлі қаріпті басылым – 57 (НБҚ кітаптар – 36: қазақ тілінде – 30, орыс тілінде - 6; басқа басылым – 21: қазақ тілінде - 12, орыс тілінде - 9), аудиокітап – 20: қазақ тілінде – 19, орыс тілінде - 1). Шығарылған 77 дана басылымның 61-і қазақ тілінде, 16-ы орыс тілінде.

Атап айтқанда, кітапхана қорын мемлекеттік тілдегі нүктелі-бедерлі қаріпті басылымдармен толықтыруда «Index Everest DV5» принтерінде 16 отандық басылымды басып шығарып, пайдаланушылар сұранысын өтеуге атсалысқан:

1) Ақсұңқарұлы Серік «Көкейімде Күлтегіннің жазуы»;
2) Алтай Асқар «Вирус-мутант. Қызбейіт»;
3) Алтынсарин Ыбырай «Таза бұлақ» (Ы. Алтынсарин - 180 жыл);
4) Жұртбай Тұрсын «Түйешінің қызы» (Т. Жұртбай - 70 жыл);
5) Қазақ мақал-мәтелдері: жинап, құрастырған Ө. Тұрманжанов;
6) Мұқанова. Роза «Мәңгілік бала бейне. Үркек керім»;
7) Бокеев Оралхан Бура: рассказ: перевод на русский Б. Момыш-улы;
8) Исабеков Дулат «Ағайындылар. Әке. Қара шаңырақ»;
9) Нұржекеев Бексұлтан «Қыз сезім»;
10) Соқпақбаев Бердібек «Жекпе жек»;
11) Соқпақбаев Бердібек «Менің атым Қожа»;
12) Мұратбеков Сайын «Жусан иісі»;
13) Мұқағали Мақатаев «Өмір өзен» (М. Мақатаев - 90 жыл);
14) Момышұлы Бақытжан «Әкемнің күлкісі» (Б. Момышулы – 80 жыл;
15) Сариев Шөмішбай «Шөл даланың ұлымын» (Ш. Сариев - 75 жыл);

16) Шаханов Берік, Әңгімелер (Б. Шаханов - 80 жыл).

«Бір ел – бір кітап» акциясы аясындағы «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына – 30 кітап» корпоротивтік жобасы шеңберінде республикамыздағы арнайы кітапханалар сыйға тартқан нүктелі-бедерлі қаріпті басылым – 13, аудиоформаттағы басылым – 14, арнайы кітапхана шығарған 3 басылым (С. Аксұңкарұлы. Көкейімде Күлтегіннің жазуы; Ы.Алтынсарин. «Таза бұлақ»; Б. Соқпақбаев «Жекпе жек»») жарыққа шыққан. Жалпы алғанда жоба аясында шығарылған басылымдар саны 30-ды құраған (нүктелі-бедерлі қаріпті – 16, аудиоформатта – 14).

Нүктелі-бедерлі кітаптар:

1) Әбдірайымов Толымбек «Алабұға аулаған күн»;
2) Айымбетов Мәди «Бар болғаны он төрт жас»;
3) Досжан Сәуле «Қасірет пен тағдыр»;
4) Есдәулет Ұлықбек «Киіз кітап»;
5) Қабанбаев Марат «Жиһангез Тити»;
6) Мақатаев Мұқағали «Өмірдастан»;
7) Наурызбаева Зира, Калаус Лиля «Алтын тостағанды іздеу»;
8) Нәжімеденов Жұмекен «Менің Қазақстаным»;
9) Отарбаев Рахымжан «Айна ғұмыр» пьесалар жинағы;
10) Орхан Памук «Менің атым – Қырмызы», ауд.: Амангелді Құрметұлы;
11) Рамазан Думан «Пешене»;
12) Серебрянский Юрий «Дәмді де пайдалы қазақстандық әдебиет»;
13) Таңжарық Тоқтарәлі «Түн парақтары».

«2021 жыл - Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» аясында Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының сирек кітаптар қоры ұсынған С. Бегалиннің «Жеткіншектер», М. Әлімбаевтің «Биікке, биікке», халық ауыз әдебиетінің «Қырық өтірік» шығармаларын нүктелі-бедерлі қаріпте және Ә.Сатмағамбетованың «Балғын бөбек», М. Әлімбаевтің «Менің ойыншығым», З.Жұматованың «Мараттың таңдауы» шығармалары аудиоформатта шығарылып, кітапхана қоры зағип және нашар көретін балаларға арналған арнайы ретробасылымдармен толыға түскен. Нүктелі-бедерлі қаріпте және аудиоформатта шығарылған басылымдар қатарындағы В. Сутеевтің «Мешок яблок» кітабы да балалар оқуын қолдауға арналған. Кітапхана пайдаланушыларының сұранысына орай қазақ, орыс тілінде «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің кезектен тыс XXI Съездінің шешімімен 2019 жылы 28 қазанда бекітілген «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Жарғысы нүктелі-бедерлі, жайпақ баспа қаріпте шығарылған. Қарағанды облысының әуесқой зағип авторлар шығармашылығының «Шесть точек вдохновения» жинағы нүктелі-бедерлі қаріпте шығарылып, оқырмандар шығармашылығы насихатталды.

Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл толуына орай кітапхана сайтында қазақ және орыс тілінде «Ұлт көсемі - Вождь нации» тақырыптық электрондық жинақ Алаш арысының өмірі мен шығармашылығын қамтитын ақпараттарды ұсынып, 46 электронды құжат енгізген: оның ішінде қазақ тілінде – 33, орыс тілінде – 13 құжат.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* бойынша 2021 жылы өткізілген айтулы мерекелерге байланысты: А.Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы ұстазы», Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жылдығына орай «Ыбырай Алтынсарин – ағартушы педагог», Ы. Жақаевтың туғанына 130 жылдығына орай «Ақ күріштің атасы – Ыбырай Жақаев», Қ. Жәленованың 70 жасқа толуына орай «Өмірін өлеңмен өрнектеген» атты әдістемелік көмекші құралдар шығарылып, кітапхана жұмысына пайдаланылған.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған филиалында* «Қазақ ақындарының тіл туралы өлеңдер топтамасы» тақырыбында қазақ ақындарының ана тілі, туған тіл, қазақ тілі мәселелері аясында жазылған өлеңдері топтастырылған шағын жинақ дайындалып,

ұлғайтылған жайпақ баспа қаріпте және нүктелі-бедерлі қаріпте басып шығарылған. Аталмыш жинаққа қысқаша шолу әлеуметтік желілерде жасалған. Сондай-ақ, заң ғылымының докторы Салых Зимановтың өмірі мен шығармашылығына арналған қазақ және орыс тілдеріндегі кітапша (ЖБҚ, НБҚ) жарық көрген. Қазақтың тұңғыш ғарышкері, ұшқыш Тоқтар Әубәкіровтың туғанына 75 жыл толуына орай «Ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтың өмірі мен еңбек жолы» тақырыбында нүктелі-бедерлі қаріпте ақпарат дайындалып оқырмандарға ұсынылған.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* ағымдағы жылы барлығы 15 басылым, оның ішінде 7 өлкетану басылымдарын, 1 библиографиялық көрсеткіш, 2 оқу-әдістемелік құрал және қолжетімді форматқа ауыстырылған 5 кітап ұсынған. Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Жыл мерейтойлары» жобасы аясында және «Санкт-Петербург-Павлодар-Қарағанды» ынтымақтастық туралы халықаралық меморандумын жүзеге асыру шеңберінде «Өтеген батыр» шығармасы 17 дана 2 форматта шығарылған: нүктелі-бедерлі қаріпте және аудио форматта. Бір данасы Санкт-Петербургтегі арнайы кітапханаға жіберіліп, сондағы Жамбыл Жабаевтың естелігіне арналған «Ұлы дала әншісі» кітапхана түні көрмесіне қойылған. «По страницам памяти» басылымы 4 данада рельефтік-аудио форматта шығарылымы Ресей федерациясының Омбы қаласындағы қазақ диаспорасының Ұлттық орталығына берілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ш.Д.Кинжиковамен бірлесе көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтар үшін қазақ тілі курстарын өткізуге арналған «Келіңіздер, қазақша сөйлесейік!» атты нүктелі-бедерлі қаріптегі арнайы оқулығының 25 данасы шығарылған.

Республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Бақытжан Қанапьяновтың «Достояние души» кітабын мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді форматта жасау жұмыстары жүргізілуде. Кітапты шығару үшін автормен келісім шарт жасалған.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ* ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Марат Қабанбаевтың «Жиһанкез Тити» кітабы мен Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығына орай «Қажы Мұқан» атты кітаптары жарық көрген. М. Қабанбаевтың «Жиһанкез Тити» шығармасы брайльша 4 кітаптан тұрады, ал «Қажы Мұқан» 6 кітаптан тұрады. Республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында барлық арнайы кітапханалар СД дискіде және брайльша кітаптар шығарып, жаңа кітаптармен алмасуда. Кітапхана ұжымы «Шығыс адалдық алаңы» жобасы аясында дыбыстандырылған жаңа кітаптарды флешкаға көшіріп алып тыңдауға ұсынған. Олар Думан Рамазанның «Пешене» пьесасы, Агата Кристидің «Ғайып болған миллион», Гарсиа Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» кітаптары.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* нүктелі-бедерлі қаріпті әдебиеттердің және дыбыстандырылған кітаптардың жылдық тізімдері, ағымдағы жылы түскен мерзімді басылымдардың жыл бойғы тізімдері жасалған.

Жыл басынан шығарылған әдістемелік-библиографиялық құралдар, кітапшалар мен буклеттер:

- «Поэзияның асқар шыңы» - ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай шығарылған әдістемелік-библиографиялық құрал;
- «Сайын даланың Сайыны» - Сайын Мұратбековтың 85 жылдыған орай әдістемелік-библиографиялық құрал;
- «Жыр дүлдүлі – Жамбыл» - Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай библиографиялық көрсеткіш;
- «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» - ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай библиографиялық көрсеткіш;
- «Ядролық қарусыз бейбітшілік әлемге» - Семей полигоны жабылғанына 30 жыл толуына орай әдістемелік-библиографиялық құрал.

Сонымен қатар, 764 кітап дыбыстандырылған, оның ішінде 623-і қазақ тілінде, 168-і орыс тілінде. Дыбыстандырылған журналдар саны – 141. Кітаптар мен журналдар СД дискіде басып шығарылған.

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ-де* 2021 жылы жайпақ баспа қаріпте шығарылған басылымдар:

1. «Жыр алыбы - Жамбыл Жабаев» библиографиялық құралы; 27 дана.
2. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «30 лет в ритме Независимости» атты зағип ақындардың өлеңдер жинағы. «Дороги в поэзию» сериясы, 37-шығарылым; 30 дана.
3. Олжас Сулейменов – личность планетарного масштаба (библиографиялық құрал); 30 дана.
4. Книга-чтение-читатель «Они рядом с нами». Рекомендательный список литеатуры (Материалы о людях с физическими ограничениями из периодических изданий); 25 дана
5. 2022 жылға арналған атаулы және естелік күндер күнтізбесінің сигналдық данасы редакцияланды; 25 дана
6. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық,облыстық, қалалық арнаулы кітапханалардың 2020 жылғы жұмысына аналитикалық және статистикалық шолу.
7. «Инвалиды: проблемы и решения» - 2021; 25 дана.
8. «Ваш лоцман в море информации»; 25 дана.

Ал, жоспарлы түрде нүктелі-бедерлі қаріпте басылған басылымдар: М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, 3 том сегіз кітаптан, 3 дана қазақ тілінде; «Путь Абая», 3 том сегіз кітаптан, 3 дана орыс тілінде; «РБНСГ-ВЕСТИ» газеті № 1 (93), № 2 (94), № 3 (95), № 4 (96), № 5 (97), № 6; М. Мақатаев «Соғады жүрек» өлеңдер мен поэмалар, 1 том бес кітаптан, 2 том бес кітаптан тұратын бірінші кітабы; Жамбыл Жабаев «Туған елім» өлеңдер, толғаулар, дастандар, айтыстар, 2 кітаптан, 3 дана; «Мавзолей Айша-Биби», «Бабаджи Хатун», «Мавзолей Карахана», «Мавзолей Коджа Ахмета Яссави», «Козы Корпеш – Баян Сулу», «Абай Кунанбаев», «Тайказан», «Рабия Султан Бегим», «Мавзолей Арыстан Баба», «Хан Джучи» тактильді кітаптары басып шығарылды және Кузбасс қаласындағы арнайы кітапханаға кітап алмасуға жіберілген; Толымбек Әбдірайымның «Алабұға аулаған күн» хиқаят әңгімелер, ертегілер, мысалдары «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында 3 дана етіп басып шығарылған; Ілияс Жансүгіровтың 2 кітаптан тұратын «Құлагер» поэмасы 3 данадан және Алдар Көсе хикаялары 5 данадан басып шығарылған. Сонымен қатар, Н. Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі», «Біздің ортақ шаңырағымыз, туған отанымыз – Қазақстан Республикасы», «Мы одна страна и у нас одна Родина», «Эра независимости» атты шығармалары, «Шабыттың бұлағы», «Источник вдохновения» атты зағип ақындардың өлеңдер жинағы жарық көрген.

Жалпы барлық арнаулы кітапханаларда жыл көлемінде басылымдар шығарылып отырылған. Оқырмандар сұраныстарына қарай түрлі тақырыптарда нүктелі-бедерлі қаріптегі басылымдар, әдістемелік құралдар, бюллетеньдер, сондай-ақ, дыбыстандырылған әдебиеттер жарық көрген.

## Кітапханалық процестерді автоматтандыру
## Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасында* электронды «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы жұмыс жасайды. Сонымен қатар, арнаулы кітапханада: 11 компьютер (4 компьютер, 1 мүмкіндігі шектеулі оқырмандарға арналған тифлокешен, 4 моноблок, 2 ноутбук, 1 тифлофлешплеер, 7 принтер, 5 көпфункционалды (МФУ) құрылғы бар. Кітапхана интернет желісіне қосылған. Кітапханада aktobe-spesbiblioteka.kz веб-сайты, aktobe.spesbiblioteka (инстаграм желісі,

фейсбук, вконтакте), аккаунттары ашылып, әлеуметтік желілерде кітапхана жұмысы жарнамаланған.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі* «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша кітаптарды электрондық жүйеге енгізу бағытында үзбей жұмыс жасап келеді. Кітапханада зағип жандарға арналған дыбыстандырылған DBT бағдарламасымен компьютер және дисплей, принтермен жабдықталған. Осы компьютер арқылы ақпараттық материалдар, шағын кітапшалар нүктелі-бедерлі қаріпте шығарылған.

*С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі* уақыт талабына сай кітапханалық процестерді автоматтандыру жұмысын ұдайы жетілдіріп келеді. «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы 2011 жылдан бастап 2 компьютерде орналасқан. Электрондық каталогқа қазірге дейін 15061 дана кітап енгізілген. Бұл мамандардың электрондық инфроқұрылымдармен өз бетінше жұмыс жүргізулеріне еркін мүмкіндік береді.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының* ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуі кітапхананың библиографиялық жұмысындағы жетекші бағыттардың бірі. Жалпы арнаулы кітапхана жыл ішінде мына бағыттар бойынша жұмыс жасады:

- анықтама-библиографиялық қызмет көрсету (анықтамаларды орындау: тақырыптық, мекенжайлық, фактографиялық, статистикалық және т.б.);
- кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратын жүргізу;
- КАТСТАТ тармағына мақалалар құю;
- виртуалды анықтамалық қызмет көрсету және т.б.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасына* «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жаңа нұсқа енгізіліп, нүктелі-бедерлі және жайпақ баспа қарпінде әдебиеттер мен электронды құжаттар әмбебап ондық жіктеу (ӘОЖ) бойынша енгізілген.

БҚО арнаулы кітапханасында «Цифрлы Қазақстан - 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Құжаттарды цифрландыру кезінде «Астра» катушечный магнитофонын қолдана отырып, магнитофонды компьютерге қосып «Adobe audition» бағдарламасының көмегімен жазылады. Одан әрі сақтау үшін құжаттарды MP3 форматына айналдырып, СД-дискіге көшіріледі. ҚР «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заңына сәйкес әдебиеттердің цифрлық нұсқасын жасау үшін авторлармен немесе олардың мұрагерлерімен келісім-шарт жасау қажет. Қазіргі таңда өлкенің ақын-жазушыларының шығармаларын цифрландандыруда 20 жерлес авторлармен келісім-шарттар жасалған.

Кітапхананың библиографиялық жұмыс барысы «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жүргізіліп келеді.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* электрондық сатып алулар веб-порталын ретке келтірген, кітапхананың электрондық бағдарламаларын жаңартумен айналысқан, «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жұмысты жалғастырып, өлкетану және тифлология бойынша мақалаларды цифрлауға белсенді қатысқан. Есепті кезеңде электрондық каталог құжаттардың жаңа түсімдері есебінен де, ретро-енгізу жолымен де үнемі толықтырылып отырылған. Қашықтықтағы пайдаланушылар үшін электронды каталог сайтта және арнайы кітапхана оқырмандары үшін 7 компьютерде қойылған.

Электрондық каталогтағы жазбалар көлемі 2021 жылдың соңына қарай 49831 библиографиялық жазбаны құраған.

*Қызылорда облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасының* кітап қоры электронды түрде сақтау жұмысы 2010 жылдан қолға алынып «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жұмыстары жүргізіліп келеді. 2017 жылдың мамыр айынан кітапхана жанынан ашылған Дыбыс жазу студиясы да өз жұмысын атқаруда. Кітапхананың коворкинг орталығында мультимедиялық бұрыш жұмыс жасайды. Ол зағип жандарға арналған тифлокомпьютерімен, нашар көретін оқырмандарға арналған ұлғайтқыш «ОНИКС» құралымен және оқу машинасымен жабдықталған.

*Л. Толстой атындағы Қостанай облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі* 2009 жылдан «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. «Каталогтаушы» модулі жемісті игерілген. Сонымен қатар, бөлім 2019 жылғы автоматтандырылған электронды каталогты толықтыру жұмыстарын жалғастыруда.

Кітапхана сайты kstspecbib.kz жұмыс істеп тұр және сұранысқа ие. Стандартты сайттармен салыстырғанда зағип және нашар көретін пайдаланушыларға арналған дыбыстандырылған нұсқалары бар. Сайтқа жаңа материалдар орналастыру жөніндегі жұмыстар тұрақты жүргізіліп отырылған. Сайтты жасаған SmartSite компаниясы оның жұмысын қадағалап отырады.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін жандарға арналған филиалы* Брайльша дисплей, Оқитын машина «Книгалюб», Ұлғайтқыш құрал, Оқитын машина «SARA CE», Брайль принтері «EVEREST DV 4», «ClearReader+» сканерлі оқитын машина, 2 магнитола, 1 музыкалық орталық, 1 телефон сияқты тифло және кеңсе техникаларымен қамтылған.

«ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша электрондық каталогқа енгізу жұмыстарында ақаулар болуына байланысты ағымдағы жылы жұмыстар біраз тоқтап қалған. Алайда, жыл соңына қарай, бағдарлама қызметі қалыпқа келтіріліп, кітапханаға келген жаңа әдебиеттерді енгізу жұмыстары қайта жанданған.

*Петропавл қаласының зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* барлық кітапханалық процестерді автоматтандырумен, электронды каталогтарды құрумен, әлеуметтік желілер жұмысымен арнаулы кітапхананың меңгерушісі мен оқу залының кітапханашысы айналысады. Жыл көлемінде «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы бойынша жұмыстар атқарылған. Арнаулы кітапханада жергілікті желі орналастырылмаған. Ал ғаламтор желісіне 2013 жылдан бастап қосылған.

*«Семей қаласының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы» КММ* 2015 жылдан бастап «ААЖ-ҚР АК» - «Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасымен жұмыс істеп келеді. Автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы кітапхана жұмысында әдебиеттерді тіркеп, оны өңдеу процестері жеңілдетілген.

Арнаулы кітапханада Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен The Duxbury Translator 11 бағдарламасы сатып алынған. Бұл бағдарлама Брайль кітабын шығаруға мүмкіндік береді. 2017 жылдан бері жеке оңалту бағдарламасы бойынша мүмкіндігі шектеулі жандарға сурдо және тифлоқұралдар қарастырылған. Үкімет тарапынан қолжетімді экран бағдарламасы орнатылған ноутбук және дыбыстандырылған бағдарлама қойылған смартфондармен қамтамасыз етілген. 2020 жылы дүниежүзі бойынша көше және мұражай аудиогидтерінің ең ірі платформаларының бірі – «izi.TRAVEL» қосымшасы қолданысқа енгізілген. Бүгінгі таңда 100-ден астам ел осы

жобаның қатысушылары болып табылады. 55 тілде 15000 аудиогид бар, оның ішіне Қазақстанның 9 қаласы кіреді екен. Бұл қосымшаны зағип және нашар көретін азаматтар да пайдалана алады.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында* заманауи технологиялармен қамту жұмыстары белсенді жалғастырып келеді.

Жалпы арнайы кітапханаларға арналған «КАБИС» (Қазақ автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйесі) бағдарламасымен 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыстар жүргізілуде. «КАБИС» бағдарламасы бойынша жыл бойы барлық басылымдар түрінің 900 дана карточкалары іріктеліп, тізімделген. Жаңа технологияларды меңгеруді жалғастыра отырып, кітапхана қызметкерлері компьютерге әдебиет туралы толық мәлімет ендіреді, электронды каталогтар құрады.

Mozilla Firefox 3.5.3; Webvisum бағдарламалары бойынша Skype 3.8 қондырылып әлсіз көретін оқырмандар үшін mail.ru агент бағдарламасы жөнге келтірілген. JAWS және VIRGO дыбысты бағдарламасы жұмысын атқарып келеді. MAX READER бағдарламасында кітаптар, мәтінді құжаттар дыбыстандырылып, аудиофайлға жазылған. Ал NERO бағдарламасында дискіге мәліметтер жазылып, оқырмандардың жас ерекшеліктеріне қарай кітапханалық қызметтің түрлі әдістері мен тәсілдері қолданылған. Бір реттік талон беру жұмыстары да атқарылуда.

*«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ* жұмысына техникалық қолдау көрсету барысында 2 компьютерді жаңарту (компьютердің жеке компоненттерін неғұрлым жетілдірілген немесе тезірек жұмыс істеуіне арналған құрамдас бөліктерін ауыстыру), ай сайынғы кітапхана серверінің операциялық жүйесінің резервтік бейнесін құру, әкімшілік-шаруашылық, «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығаратын бөлімдерде компьютерлерге стандартты бағдарламалар орнату, кітапхана бөлімдерінің Интернетке қол жеткізуінде кездескен ақауларды жою, сонымен қатар, HP LaserJet 1020, Canon LBP-7018, HP LaserJet 1600, EPSON LX-300+II, EPSON LX-350, HP LaserJet P1006, МФУ hp 130, HP LaserJet 1102, HP LaserJet 1160 принтерлерінің картридждерін алмастыру секілді т.б. жұмыстар тұрақты жүргізілген.

Автоматтандыру және техникалық қолдау бөлімі «ААЖ-ҚР АК» («Автоматтандырылған ақпараттық жүйе - Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханалары» бағдарламасы) дерекқорына желілік қолжетімділікті қамтамасыз еткен. Мәліметтер қорымен бөлісу үшін серверді орнату және конфигурациялау, сонымен қатар қызметкерлерді оқыту және мәліметтер базасына қол жеткізу бағдарламасын орнату жүргізіліп, мәліметтер қоры оңтайландырылған және оның көлемі азайтылған. Ағымдағы жылы «ҚР АК-ААЖ» бағдарламасы жаңартылған.

Заманауи технологияны кітапхана ісіне енгізу және оны насихаттау, библиографиялық анықтамаларды орындауда, дыбыстандырылған кітаптарды көшіріп алуда, оқырмандардың сұраныстарын қанағаттардыруда ғаламторды кеңінен пайдалану арнаулы кітапханалар үшін басты міндетке айналған. Зағип және нашар көретін жандардың басқа азаматтармен тең құқылы түрде ақпараттық технологияны меңгеріп, білім алуы үшін арнаулы кітапханаларда барлық жағдайлар жасалынған. Зағип жандардың жаңа ақпараттық технологиялар қолдануда ақпарат алулары үшін кітапханаларда дыбыстандырылған Jaws for Windows немесе VIRGO бағдарламаларымен қамтылған автоматтандырылған жұмыс орны жасақталған. Арнайы кітапхананың зағип жандарды ақпаратпен қамтамасыз ету барысында оңалту технологияларын қолданудағы рөлі мен орны ерекше.

## Арнаулы кітапханаларды автоматтандыру жағдайы

| № | Арнаулы кітапханалар атауы | Компьютерлер саны | ААЖ-ҚР АК | Интернет |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақтөбе облыстық | 11 | 1 | 1 |
| 2 | Нұр-Сұлтан қалалық | 7 | - | 1 |
| 3 | Атырау ОҒӘК арнаулы бөлімі | 6 | 1 | 3 |
| 4 | Алматы ОК арнаулы бөлімі | 5 | 2 | 1 |
| 5 | Шығыс Қазақстан облыстық | 30 | 1 | 1 |
| 6 | Жамбыл облыстық | 17 | 1 | 1 |
| 7 | Батыс Қазақстан облыстық | 23 | 1 | 1 |
| 8 | Қарағанды облыстық | 23 | 1 | 1 |
| 9 | Қызылорда облыстық | 13 | 1 | 4 |
| 10 | Қостанай ОӘҒК арнаулы бөлімі | 4 | - | 4 |
| 11 | Көкшетау қалалық | 3 | - | 1 |
| 12 | Маңғыстау ОӘК филиалы | 3 | 1 | 1 |
| 13 | Павлодар облыстық | 32 | 1 | 4 |
| 14 | Петропавл қалалық | 2 | 1 | 2 |
| 15 | Семей қалалық | 5 | 1 | 1 |
| 16 | Шымкент қалалық | 36 | - | 1 |
| 17 | «ЗНКААРК» РММ | 38 | 1 | 1 |
| | **Барлығы** | **258** | **14** | **29** |

## Арнаулы кітапханалардың материалдық-техникалық базасы

Материалдық-техникалық база дегеніміз кітапханаларды бүгінгі күн талабына сай жабдықтау болып табылады. Кітапханалық-ақпараттық үрдістердің қалыпты жұмыс атқаруына кітапханалардың ғимараттары, оқырмандардың жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ақпаратқа деген қажеттілігін қамтамасыз ете алу мүмкіндігі үлкен әсер етеді. Осы орайда еліміздегі арнаулы кітапханалардың материалдық-техникалық базасына назар салып көрейік:

*Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы* ағымдағы жылы кітапхана ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Жедел сақшы» ЖШС және өрттің алдын алу шараларын қамтамасыз ету үшін «Прометей» ЖШС мекемелерінің қызметі пайдаланған. Қазіргі таңда кітапхана Ақтөбе қаласындағы ҚСҚ ғимаратын жалға алып отыр.

*Ғ. Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы бөлімі* Атырау қаласындағы Қазақ Зағиптар қоғамы ғимаратының 200 шаршы метрін жалға алып отыр. Арнаулы бөлім компьютер, сканер, проектор, үлкейткіш аппарат, өзі оқитын машиналармен қамтамасыз етілген. Ғаламтор желісіне қосылған. Бір компьютер зағип жандарға арналған арнайы дисплейімен, интернетімен оқу залында көпшілікке пайдалануға қойылған. Қазіргі уақытта кітапхана жағдайы жақсы, күрделі жөндеуді талап етпейді. Жаңадан алынған штаттық бірліктер жоқ.

*С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасы зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімі* «Қазақ зағиптар қоғамы» ғимаратының 129,4 шаршы метрін жалға алып отыр. Осы жағдай бөлімдегі ең өзекті мәселенің бірі болып табылады.

*«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ-де* 2021 жылы құрал-жабдықтар мен техникалар сатып алынбаған. Ұжым күшімен фонотека бөлмесінде ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Шешімін таппаған мәселелер:

- кітапхананы тифлоқұралдармен камту: нүктелі-бедерлі қаріпте басып шығаратын принтер, нүктелі-бедерлі қаріпте шығаратын портативті компьютер, дыбысты функциясы бар брайль жазу машинасы қажет;

- RFID-құралдардың жоқтығы (бұл көптеген мәселелерді шешеді: кітап қорының толық қауіпсіздігі және есебі, қысқа мерзімде түгендеме жүргізу және т.б.);

- негізгі қорды сақтау үшін мобильді жылжымалы сөрелер сатып алу, бұл 90 % аланды үнемдеуге мүмкіндік береді;

- техникалық құралдарды жаңартуға (компьютерлер, плоттерлер және басқалар), халықаралық конференцияларға қатысу үшін іс-сапарларға қаржының аз бөлінуі.

*Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы* Тараз қаласындағы ҚСҚ-ның ғимаратын жалға алып отыр.

*Батыс Қазақстан облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханасы* 1997 жылдан бастап осы уақытқа дейін Қазақ соқырлар қоғамының «Орал оқу-өндірістік кәсіпорын» ЖШС ғимаратының 330,8 шаршы метрін жалға алып келеді.

Кітапхананың оқу залында орындар саны - 16. Ғимаратты газбен жылытады. Биылғы жылы ғимаратты жалға алуға - 4 млн теңге, коммуналдық қызметке ақы төлеуге - 563,0 мың теңге, стеллаж алуға (6 дана) 525,6 мың теңге, материалдық-техникалық базаны нығайтуға – 616,8 мың теңге (кітапханаға жүйелік блок, принтер, микшер және переплет жасауға арналған аппарат сатып алынған) жұмсалған.

*Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* есепті кезеңде бюджет қаражатына барлығы 2193,3 мың теңгеге жабдықтар сатып алған. Олар:

- Матрицалық принтер (EPSON LX-350) 98448 тг;
- 4 дана UPS - 64865,92 тг.;
- 1 дана TP Link Archer VR300 TP модемі - 29988 тг.

Сонымен қатар, «Рухани қазына 2020» республикалық фестивалінің «Кітапханалардың үздік инклюзивті онлайн жобасы» номинациясын жеңіп алғаны үшін қайырымдылық көмек есебіне түскен 498,8 мың теңге қаражат есебінен кітапхана төмендегі құралдарды сатып алған:

- Кондиционер - 97652,8 теңге;
- «Геометрия» конструкторы - 21937,0 теңге;
- Ұсақ моториканы дамытуға арналған «Геометриялық сенсорлық қап» дамытушы ойыншық - 8450,0 теңге;
- Брайль бойынша жиналмалы әліппе - 14300,0 теңге;
- Брайльды (ағаш) үйренушілерге арналған Әліппе - 56875,0 теңге және т.б.

*Қ. Сыдиықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы көзі көрмейтін және нашар көретін жандарға арналған филиалы* 2021 жылы Ақтау қаласы 19 а шағын ауданы, 2/1 ғимаратына қоныс аударған.

Кітапханада ғаламторға қосылған 2 компьютер жұмыс жасап тұр (біреуі ғаламтор желісіне қосылған). Сонымен қатар, Брайльша дисплей, оқитын машина «Книгалюб», ұлғайтқыш құрал, оқитын машина «SARA CE», Брайль принтері «EVEREST DV 4», «ClearReader+» сканерлі оқитын машина, 2 магнитола, 1 музыкалық орталық, 1 телефон сияқты тифло және кеңсе техникаларымен қамтылған.

*Павлодар облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы* ағымдағы жылы барлығы 38059,0 мың теңгеге қаржыландырылған. Оның ішінде: 145 дана кітаптарға 1000,0 мың теңге, мерзімді басылымдарға 361,2 мың теңге жұмсалған. Ғаламтор жүйесін қосуға 624 мың теңге бөлінсе, ағымды жөндеуге (ақтау, сырлау, т. б.) 800 мың теңге жұмсалған.

2021 жылы Павлодар арнайы кітапханасы «Рухани қазына – 2021» республикалық байқауында жүлдегер атанып, 1 000 000 теңгенің сертификатын жеңіп алған. Арнайы кітапхана қызметінің сапасын арттыру үшін бұл қаржыға «Брайль қарпіндегі мәтінді

аударушы» бағдарламалық қамтамасыз ету құралы (487,2 мың теңге), видеокамера (250,0 мың теңге), сия бүріккіш түсті принтер (140,0 мың теңге), микшер пульті (112,5 мың теңге) сатып алынған.

*Петропавл қаласының загиптар мен нашар көретін азаматтарга арналган арнайы кітапханасы* «Петропавл қаласының балалар психоневрологиялық интернат үйі» ММ жалға алынған ғимаратында орналасқан. Жыл көлемінде материалдық-техникалық базаны нығайтуға 483270,2 теңге қаржы бөлінген. Кітапхана компьютер, 2 ноутбук, МФУ және принтермен қамтамасыз етілген.

*«Семей қаласының загип және нашар көретін азаматтарга арналган арнайы кітапханасы» КММ де* өз жеке ғимараты болмағандықтан Қазақ соқырлар қоғамы ЖШС-ның «Семей білім-өндіріс кәсіпорны» ғимаратының 219,04 шаршы метрін жалға алып отыр, оның бір айлық бағасы 210,100 мың теңгені құрайды.

Кітапханада 5 компьютер (2005, 2007, 2009, 2013, 2014 жылдары алынған), 5 принтер, оның ішінде: 1 матрицалық, 1 түрлі-түсті, 1 көп функциялық, 2 күнделікті қолданысқа арналған принтерлер, 1 кітап оқитын ИНФА 100 машинкасы бар. Жоғарыда аталған кітапхана оргтехникасы ескіріп, кейбіреуі істен шыққан (мысалы, 2005 жылғы компьютер). Кітапхананың байланыс жүйесі стационарлық телефон, AIDI телефон және ғаламтормен жабдықталған. 2020 жылы Брайль қарпімен кітап шығаратын Duxbery Braille Translator 12,3 бағдарламасы, брайль қағазы мен карточкаларды кесетін машинка (резак) алынған. Арнаулы кітапхананың 50 жылдық мерейтойына орай арнайы оқу залының жиһаздары жаңартылып, газеттер қоятын шкаф, жылжымалы кітап сөресі, қосалқы шкафтар мен кітап сөрелері әкелінген. Сонымен қатар, кітапхананың оқу залында Брайль альфавиті орнатылған.

*Шымкент қалалық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарга арналган арнайы кітапханасының* Брайль кітаптарын шығаруға арналған бөлімінде тифлокомплекстің жұмыс істеуіне көмек көрсетілген. Оның құрамында Брайльдік принтер және зағиптардың жұмыс жасауына арналған бағдарламалық қамтамасыздандыруы бар компьютер (JAWS экранды қолжетімділік бағдарламасы, DBT принтерде Брайлдың кітаптары мен журналдарын басып шығару бағдарламасы, ELPicsPrint тактильді графиканы басып шығару бағдарламасы) бар. Кітапхананың техникалық құралдары реттелген, профилактикалық жұмыстары жүргізілген. Jaws for Windows бағдарламасымен көзі көрмейтін азаматтар интернетке қол жеткізе алады және «Focus-40» тактильді дисплейімен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. «4x4 Pro» Брайль принтері жөнделіп, DBT бағдарламасы мен ELPicsPrint тактильді графикалық бағдарламасына баптаулар жүргізілген.

*«Загип және нашар көретін азаматтарга арналган республикалық кітапхана» РММ* материалдық-техникалық базасы құрамы - 38 компьютер, 11 сканер, 44 принтер,12 Брайльдік принтер, 12 Брайльдік дисплей, 1 теледидар, 1 видеомагнитофон, 1 музыка орталығы, 1 ламинатор, 6 факс, 1 көшірме аппараты, сондай-ақ, 3 кондиционер, 33 магнитофондар, 2 камера, 4 букингтік жабдықтау, 2 проектор, 1 бөлшектеу машинасы, 2 МФУ-дан тұрады.

Кітапхананың орналасқан жері Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 214. Өкінішке орай, кітапхананың жеке ғимараты жоқ. Қазақ соқырлар қоғамының ғимаратынан 2083 шаршы метр жерді жалға алып отыр. Жалға алу құнының жылдан-жылға артуы кітапхананың жұмыс істеу деңгейіне кедергі болып отырғаны сөзсіз. Бұл аталған өзекті мәселе әлі күнге дейін өз шешімін таппай келеді.

## Қорытынды

Арнаулы кітапханалар Мемлекет басшысы Қ. Ж. Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысындағы «Мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз орта қалыптастыру, инфрақұрылымның қолжетімділігін арттыру мәселелеріне көбірек назар аудару керек» - деген сөзін басшылыққа ала отырып, зағип және нашар көретін жандар үшін ақпараттық, білім беру, бос уақыттарын тиімді өткізу және мәдени-демалыс орталығы ретінде арнаулы кітапхана жұмысын ұйымдастырады.

Ағымдағы жылы барлық арнаулы кітапханаларда негізгі бағыттар бойынша көпшілік іс-шаралар өткізіліп, пайдаланушыларды кітап оқуға тартуда тиімді кітапханалық жұмыстар мүмкіндігінше жүргізілген. Зағип және нашар көретін оқырмандар қажетті арнайы әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Жаңа технологиялар арқылы зағип оқырмандарға сұраныстары бойынша ақпараттарға қол жеткізуге барынша жағдайлар жасалынып келеді. Ақпараттық технологиялар бойынша электрондық базаны толықтыру жұмыстары жалғасын табуда. Кітап қоры кітаптармен, брайльша және дыбыстандырылған әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен жыл көлемінде уақытылы толықтырылған. Арнаулы кітапханалардың мерзімді басылымдарға жазылу жұмыстары жылдан жылға жақсарып келеді десек те болады. Мерзімді басылымдарға жазылу жергілікті бюджет және демеушілер көмегі арқылы толықтырылған.

Кітапхананың негізгі көрсеткіштерінің үстеме орындалуы – кітапхана маркетингтік қызметінің дұрыс жасалынуында және іс-шаралардың жоспарлы түрде ұйымдастырылуында, зағип жандар үшін тифлотехникалардың тиімді пайдаланылуында, сонымен қатар, кітапханалық клубтардың атқарған жұмыстары, ел көлемінде ұйымдастырылатын акциялар мен жобалар оқырмандардың қызығушылығын біршама арттырған. Әсіресе, арнаулы кітапханаларға жастардың қызығушылығы артып келеді.

Арнаулы кітапханалар қызметін зағип жандар ғана емес, олардың отбасы мүшелері, тифлопедагогика, дефектология саласының мамандары, зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернатының оқушылары, жоғарғы оқу орындарының, колледждердің студенттері және осы саладағы барлық мамандар пайдаланады.

Республика бойынша зағип және нашар көретін оқырмандарға 7 облыстық, 5 қалалық, 3 арнаулы бөлім мен 1 филиал және «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсетеді . Оның ішінде арнаулы кітапханалардың 118 кітапханалық пункттері мен 3 филиалы жұмыс істейді.

Қазіргі таңда республикалық, облыстық, қалалық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханаларда оқырмандардың қатысуымен түрлі тақырыпты әдеби кештер, тұсаукесерлер, интеллектуалды сайыстар, ақын-жазушылармен кездесу кештері, Слет пен конференциялар, дөңгелек үстелдер, дәстүрлі Ашық есік күндері және тағы басқа іс-шаралар кең көлемде ұйымдастырылып келеді.

Арнайы кітапханалардың мамандары оқырмандарға тез әрі сапалы кітапханалық қызмет көрсетуде уақытылы өз білімдерін жетілдіріп отырады. Оған дәлел, кітапхана мамандарының халықаралық, республикалық конференцияларға, семинар-тренингтерге үнемі қатысып, іс-тәжірибелерден өтіп, алыс-жақын шетелдер мен еліміздің басқа қалаларына іс-сапарларға шығуы.

Қорыта келгенде, арнаулы кітапханалар қызметінің 2021 жылғы есебін талдау барысында кей негізгі көрсеткіштердің төмендегені еліміздегі пандемияның әсерінен көптеген қызметтердің, іс-шаралардың онлайн форматқа ауысуынан болып отыр. Бұл жылы арнаулы кітапханалар онлайн және офлайн режимде қатар жұмыс жасады. Бұған қарамастан, кітапхананы мәдени, білім беретін, бос уақытты ұтымды пайдаланатын орталыққа айналдыру арқылы түрлі көпшілік және тақырыптық, атаулы іс-шараларға атсалысатын пайдаланушылар санының артуымен еліміздегі арнаулы кітапханалардың кітапханалық-ақпараттық қызметі жанданып келе жатқанын атап өткеніміз жөн. Осы

орайда республикамыздағы арнаулы кітапханалардың оқырман сұранысын қанағаттандыруда түйткілді мәселелерінің бірі қазақ тілінде нүктелі-бедерлі қаріптегі әдебиеттердің жетіспеушілігі болып отыр. Сонымен қатар, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда, арнаулы кітапхана қорларындағы дәстүрлі кітаптарды электрондық түрге ауыстыру үшін қажетті техникалармен қамтамасыз ету және жаңа кітаптар мен мерзімді басылымдар алу үшін қаржының аз бөлінуі өзекті мәселеге айналып отыр.

